

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ

«Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлігі)» сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статистикалық ақпараттарды өз жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне сілтеме жасау міндетті.

В соответствии с «Гражданским кодексом Республики Казахстан (особенная часть)» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статистической информации в своих публикациях (изданиях) обязательна ссылка на Агентство Республики Казахстан по статистике.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2008 жылғы қаңтар-қыркүйек
январь-сентябрь 2008 года

Астана 2008

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ**

**Ай сайынғы ақпараттық-талдамалы
журнал**

1991 жылдан бастап шығады

Құрылтайшы: Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі

Бас редактор – А. Мешімбаева

**СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**Ежемесячный информационно-аналитический
журнал**

Издается с 1991 года

Учредитель: Агентство Республики Казахстан по
статистике

Главный редактор – А. Мешимбаева

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуында» 2008 жылғы қаңтар-қыркүйектегі ел экономикасының дамуы туралы жедел статистикалық деректер бар.

«Қазақстан Республикасы және оның өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының статистикалық көрсеткіштері» қосымшасында тиісті бөлімдер бойынша кестелік материал келтірілген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы (жедел деректер)» ай сайынғы журналын электрондық түрде де ұсыну мүмкіндігі бар.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 010000
Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер Үйі,
35 көше, 2 үй
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Телефон: 8 (7172) 74-92-95
Факс: 8 (7172) 74-95-46
Электрондық мекен-жай: stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http://www.stat.kz

Шартты белгілер:

-- құбылыс жоқ
0,0 – болмашы шама
... – деректер жоқ

Таралымы: 450 дана
Көлемі = 12,59 ЕБТ

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылғы 14 тамызда тіркелген №3156-Ж

«Социально-экономическое развитие Республики Казахстан» содержит оперативные статистические данные о развитии экономики страны в январе-сентябре 2008г.

В приложении «Статистические показатели социально-экономического развития Республики Казахстан и ее регионов» приведен табличный материал по соответствующим разделам.

Агентство Республики Казахстан по статистике имеет возможность предоставлять ежемесячный журнал «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан (оперативные данные)» также в электронном виде.

Адрес: Республика Казахстан, 010000
г. Астана, Левый берег, Дом Министерств,
35 улица, д. 2
Агентство Республики Казахстан по статистике
Телефон: 8 (7172) 74-92-95
Факс: 8 (7172) 74-95-46
Электронный адрес: stat@mail.online.kz
Веб-сайт: http://www.stat.kz

Условные обозначения:

-- явление отсутствует
0,0 – незначительная величина
... – данные отсутствуют

Тираж: 450 экз.
Объем = 12,59 УПЛ

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 14 августа 2002г. №3156-Ж

Мазмұны

| | | |
|------------|---|-----------|
| 1. | Қазақстан Республикасының 2008 жылғы қаңтар-қыркүйектегі әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары..... | 5 |
| 2. | Тауарлар мен қызметтер өндірісі | 7 |
| 2.1 | Еңбек өнімділігі | 7 |
| 2.2 | Өнеркәсіп өндірісі | 9 |
| 2.3 | Ауыл шаруашылығы | 13 |
| 2.4 | Құрылыс..... | 15 |
| 2.5 | Көлік | 18 |
| 2.6 | Байланыс..... | 19 |
| 2.7 | Сауда және өзге де қызметтер | 21 |
| 3. | Шағын кәсіпкерлік субъектілері мониторингі..... | 23 |
| 4. | Сыртқы сауда | 26 |
| 4.1 | Сыртқы сауда айналымы | 26 |
| 4.2 | ТМД мемлекеттерімен сыртқы сауда | 27 |
| 4.3 | Әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда | 27 |
| 4.4 | Төлем балансы | 27 |
| 5. | Инвестициялар | 29 |
| 5.1 | Негізгі капиталға салынған инвестициялар | 29 |
| 6. | Бағалар..... | 31 |
| 6.1 | Тұтыну бағалары..... | 31 |
| 6.2 | Экономиканың нақты секторындағы баға | 33 |
| 7. | Қаржы жүйесі..... | 36 |
| 7.1 | Мемлекеттік қаржы | 36 |
| 7.2 | Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі..... | 37 |
| 7.3 | Ақша-кредит жүйесі | 39 |
| 8. | Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу | 42 |
| 8.1 | Жалданып жұмыспен қамтылу | 42 |
| 8.2 | Жұмыссыздық және жұмыспен қамту | 43 |
| 8.3 | Еңбекақы төлеу..... | 44 |
| 9. | Халық табысы..... | 45 |
| 9.1 | Ақшалай табыс..... | 45 |
| 10. | Демографиялық процестер және әлеуметтік сала..... | 46 |
| 10.1 | Демографиялық ахуал | 46 |
| 10.2 | Халықтың ауру-сырқаулығы..... | 48 |
| 10.3 | Қылмыстылық | 49 |
| 11. | Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы: салыстырмалы талдау | 50 |
| 12. | Конъюнктуралық зерттеулер | 53 |
| 12.1 | Өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу | 53 |
| 12.2 | Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін зерттеу | 53 |
| 12.3 | Тұтынушыларды зерттеу..... | 54 |

Содержание

| | | |
|------------|--|------------|
| 1. | Краткие итоги социально-экономического развития Республики Казахстан в январе-сентябре 2008 года..... | 56 |
| 2. | Производство товаров и услуг..... | 58 |
| 2.1 | Производительность труда..... | 58 |
| 2.2 | Промышленное производство..... | 60 |
| 2.3 | Сельское хозяйство..... | 64 |
| 2.4 | Строительство..... | 66 |
| 2.5 | Транспорт..... | 69 |
| 2.6 | Связь..... | 70 |
| 2.7 | Торговля и прочие услуги..... | 72 |
| 3. | Мониторинг субъектов малого предпринимательства..... | 74 |
| 4. | Внешняя торговля..... | 77 |
| 4.1 | Внешнеторговый оборот..... | 77 |
| 4.2 | Внешняя торговля с государствами СНГ..... | 78 |
| 4.3 | Внешняя торговля с другими странами мира..... | 78 |
| 4.4 | Платежный баланс..... | 78 |
| 5. | Инвестиции..... | 80 |
| 5.1 | Инвестиции в основной капитал..... | 80 |
| 6. | Цены..... | 82 |
| 6.1 | Потребительские цены..... | 82 |
| 6.2 | Цены в реальном секторе экономики..... | 84 |
| 7. | Финансовая система..... | 87 |
| 7.1 | Государственные финансы..... | 87 |
| 7.2 | Финансово-хозяйственная деятельность предприятий..... | 88 |
| 7.3 | Денежно-кредитная система..... | 91 |
| 8. | Рынок труда и оплата труда..... | 93 |
| 8.1 | Занятость по найму..... | 93 |
| 8.2 | Безработица и обеспечение занятости..... | 94 |
| 8.3 | Оплата труда..... | 95 |
| 9. | Доходы населения..... | 96 |
| 9.1 | Денежные доходы..... | 96 |
| 10. | Демографические процессы и социальная сфера..... | 97 |
| 10.1 | Демографическая ситуация..... | 97 |
| 10.2 | Заболеваемость населения..... | 99 |
| 10.3 | Преступность..... | 100 |
| 11. | Социально-экономическое положение регионов Республики Казахстан: сравнительный анализ..... | 101 |
| 12. | Конъюнктурные обследования..... | 104 |
| 12.1 | Обследование деловой активности промышленных предприятий..... | 104 |
| 12.2 | Обследование деловой активности предприятий торговли..... | 104 |
| 12.3 | Обследование потребителей..... | 105 |

1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2008 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Экономиканың нақты секторы. 2008 жылғы қаңтар-қыркүйектегі өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 8202,4 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектен 3,0% көп. 2007 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 5,0%-ға, электр энергиясын, газ бен су өндіруде және бөлуде – 9,4%-ға өсті, өңдеу өнеркәсібінде 0,4%-ға азайды.

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі ағымдағы бағамен 1037,0 млрд. теңгені құрап, 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 4,3% азайды.

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте жүк айналымының жалпы көлемі (коммерциялық тасымалдаумен шұғылданатын келіктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер жүк айналымы көлемінің бағасын есепке алғанда) 272732,0 млн. ткм құрап, 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 7,0% өсті.

Есепті кезеңде бөлшек сауда тауар айналымының көлемі (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 1765,8 млрд. теңгені құрап, 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 3,3% артты.

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте негізгі капиталға жұмсалған инвестициялардың көлемі 2587,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекке қарағанда 8,2% артық.

2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша республикада 280331 заңды тұлғалар тіркелген, соның ішінде қызметкерлерінің саны 50 адамға дейінгілер - 265121. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар – 192249. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың ішінде шағын кәсіпорындар – 177987 құрайды, олардан шағын бизнес субъектілері - 129721.

Сыртқы сауда. 2008 жылғы қаңтар-тамызда Қазақстанның сыртқы сауда айналымы (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданы есепке алмағанда) 74138,6 млн. АҚШ долларын құрап, 2007 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 47,8% өсті, оның ішінде экспорт – 49592,8 млн. АҚШ доллары (68,8% өсті), импорт – 24545,8 млн. АҚШ доллары (18,1% азайды) болды.

Баға. Тұтыну бағаларының индексі 2008 жылғы қыркүйекте 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 108,1% құрады. Азық-түлік тауарларының бағалары 8,9%-ға, азық-түлік емес тауарлар – 6,1%, ақылы қызметтер – 9,1% өсті. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындар бағалары 2008 жылғы қыркүйекте 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 28,2% өсті.

Қаржы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетіне түскен табыстар көлемі 2008 жылғы 1 қыркүйекке 2266,6 млрд. теңгені, ал шығын – 2185,9 млрд. теңгені құрады. 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 26,2% артты, шығындар 30,5% өсті.

Есеп берген кәсіпорындар мен ұйымдардың деректері бойынша 2008 жылғы II тоқсанда қаржы нәтижесі пайда есебінде 1700,4 млрд. теңге сомасында анықталды, бұл 2007 жылғы II тоқсаннан 89,3% жоғары. Пайдалылық деңгейі – 53,7%. Есеп берген кәсіпорындардың жалпы санынан залалды кәсіпорындардың үлесі 39,2% құрады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша екінші деңгейдегі банктердің экономика салаларына салған кредиттік салымдары 2008 жылғы тамыздың соңына 7267,9 млрд. теңгені құрады. Кредиттік салымдардың жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлесі 79,9%, шетел валютасындағы кредиттердің үлесі 43,4% құрады. 2008 жылғы тамыздың соңына банк жүйесіндегі депозиттер көлемі 5090,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 9,9% көп, халық депозиттері 1532,8 млрд. теңге болды, тиісінше, 4,2%.

Еңбек рыногы. 2008 жылғы қыркүйекте жұмыссыздар саны, сараптамалық бағалау бойынша, 539,8 мың адамды, экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы жұмыссыздық деңгейі 6,4%, оның ішінде жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында тіркелген адамдар саны ағымдағы жылғы қыркүйектің соңында 58,6 мың адамды құрады, экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы олардың үлесі – 0,7%.

Халықтың табысы. 2008 жылғы тамызда, бағалау бойынша, халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 31221 теңгені құрап, 2007 жылғы тамызбен салыстырғанда – 20,2%, нақты ақшалай табысы – 0,1% өсті.

2008 жылғы тамызда қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы 63322 теңгені құрап, 2007 жылғы тамызбен салыстырғанда 16,7% өсті. Нақты жалақы 2,8% төмендеді.

Негізгі әлеуметтік-экономикалық индикаторлар

| А | Өлшем бірлігі | 2008 жылғы қаңтар-қыркүйек | 2008 жылғы қыркүйек | Өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен | | 2008 жылғы қыркүйек 2008 жылғы тамызға %-бен |
|---|------------------|----------------------------|---------------------|----------------------------------|---------------------|--|
| | | | | 2008 жылғы қаңтар-қыркүйек | 2008 жылғы қыркүйек | |
| Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | |
| Экономикалық көрсеткіштер | | | | | | |
| Қысқа мерзімді экономикалық индикатор ¹⁾ | %-бен | | | 103,2 | 94,6 | |
| Өнеркәсіп өнімінің (тауарлардың, қызметтердің) көлемі | млрд. теңге | 8202,4 | 901,9 | 103,0 | 103,0 | 100,8 |
| Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі | млрд. теңге | 1037,0 | 484,8 | 95,7 | 75,4 | 197,5 |
| Құрылыс жұмыстарының көлемі | млрд. теңге | 1250,1 | 204,3 | 103,1 | 98,6 | 118,0 |
| Негізгі капиталға жұмсалған инвестициялар | млрд. теңге | 2587,7 | 412,8 | 108,2 | 100,7 | 119,5 |
| Көліктің барлық түрлерімен жүк айналымы | млн. ткм | 272,7 | 32,5 | 107,0 | 104,4 | 99,3 |
| Байланыс қызметтерінің көлемі | млрд. теңге | 302,9 | 35,0 | 114,2 | 95,2 | 98,7 |
| Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы | млрд. теңге | 1765,8 | 238,2 | 103,3 | 107,6 | 104,3 |
| Сыртқы сауда айналымы ²⁾³⁾ | млн. АҚШ доллары | 74138,6 | 11060,3 | 147,8 | 164,1 | 101,1 |
| соның ішінде: | | | | | | |
| экспорт | | 49592,8 | 7570,4 | 168,8 | 195,9 | 108,5 |
| импорт | | 24545,8 | 3489,9 | 118,1 | 121,3 | 88,1 |
| Тұтыну бағаларының индексі | | | | 119,2 | 108,1 ⁴⁾ | 100,6 |
| Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының индексі | | | | 150,2 | 128,2 ⁴⁾ | 92,4 |
| Жұмыссыздар саны (бағалау) | мың адам | | 539,8 | | 90,3 | 103,7 |
| Орта есеппен жан басына шаққандағы ақшалай табыс (бағалау) ²⁾ | теңге | 236200 | 31221 | 123,1 ⁵⁾ | 120,2 ⁵⁾ | 101,5 |
| Нақты ақшалай табыс (бағалау) ²⁾ | %-бен | | | 103,1 ⁵⁾ | 100,1 ⁵⁾ | 100,7 |
| Бір қызметкердің орташа айлық жалақысы ²⁾ : | | | | | | |
| атаулы | теңге | 59069 | 63322 | 117,8 | 116,7 | 100,1 |
| нақты | %-бен | | | 98,7 | 97,2 | 99,3 |
| Қаржы көрсеткіштері | | | | | | |
| М3 ақша жиыны ⁶⁾ | млрд. теңге | | 5887,7 | | 128,8 | 108,7 |
| Айналымдағы қолма-қол ақша ⁶⁾ | млрд. теңге | | 796,8 | | 98,8 | 101,2 |
| Банк жүйесіндегі депозиттер ⁶⁾ | млрд. теңге | | 5090,9 | | 135,2 | 109,9 |
| соның ішінде халық депозиттері | млрд. теңге | | 1532,8 | | 106,7 | 104,2 |
| Екінші деңгейдегі банктер кредиттері ⁶⁾ | млрд. теңге | | 7267,9 | | 101,9 | 99,9 |
| одан ұзақ мерзімді кредиттер | млрд. теңге | | 5805,1 | | 103,3 | 99,6 |
| Кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы ⁷⁾ | %-бен | 53,7 | | | | |
| Кәсіпорындар мен ұйымдардың дебиторлық берешегі (кезең соңына) ⁷⁾ | млрд. теңге | 5865,9 | | 153,5 | | |
| Кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелер бойынша берешегі (кезең соңына) ⁷⁾ | млрд. теңге | 12763,7 | | 135,6 | | |

¹⁾ Алты сала (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік, байланыс) өсуінің нақты қарқыны бойынша есептеледі.

²⁾ 1-баған – 2008 жылғы қаңтар-тамыз; 2-баған – 2008 жылғы тамыз; 3-баған – 2008 жылғы қаңтар-тамыз 2007 жылғы қаңтар-тамызға %-бен; 4-баған - 2008 жылғы тамыз 2007 жылғы тамызға %-бен; 5-баған – 2008 жылғы тамыз 2008 жылғы шілдеге %-бен.

³⁾ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің деректері, ұйымдаспаған сауданың есебінсіз.

⁴⁾ 2007 жылғы желтоқсанға.

⁵⁾ 2007 жылғы қаңтар-тамыздағы және тамыздағы нақтыланған деректерге %-бен.

⁶⁾ ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша, 2008 жылғы тамыздың соңына.

⁷⁾ 2008 жылғы II тоқсан.

Ескерту: Өнеркәсіп өнімінің көлемі тиісті жылдардағы кәсіпорындар құрылымы бойынша келтірілген. Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымы қоғамдық тамақтандыру қызметтерін есепке алмайды.

2. ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ӨНДІРІСІ

2.1 ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ

Жалпы экономика бойынша 2008 жылдың I жартыжылдығында өткен жылғы тиісті кезеңге еңбек өнімділігінің индексі 102,4% құрады.

2008ж. I жартыжылдығындағы еңбек өнімділігі

пайызбен



| | 2008 жылдың I жартыжылдығындағы өткен жылғы тиісті кезеңге | | | Құрылымы | |
|--|--|---|--|-----------------------|---|
| | еңбек өнімділігінің индексі | жалпы қосылған құнның нақты көлем индексі | экономикада жұмыспен қамтылғандар санының өзгеру индексі | жалпы қосылған құнның | экономика жұмыспен қамтылғандар санының |
| Жалпы экономика бойынша* | 102,4 | 105,8 | 103,3 | 100,0 | 100,0 |
| Ауыл шаруашылығы, аң аулау, орман өсіру; балық аулау, балық өсіру | 105,5 | 104,1 | 98,7 | 2,7 | 30,1 |
| Ауыл шаруашылығы, аң аулау, орман өсіру | 105,8 | 104,2 | 98,5 | 2,6 | 29,8 |
| Балық аулау, балық өсіру | 82,2 | 100,0 | 121,6 | 0,1 | 0,3 |
| Өнеркәсіп | 101,2 | 103,7 | 102,5 | 37,7 | 12,0 |
| Кен өндіру өнеркәсібі | 104,4 | 106,9 | 102,4 | 22,9 | 2,6 |
| Өңдеу өнеркәсібі | 96,1 | 98,7 | 102,7 | 13,0 | 7,3 |
| Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу | 107,1 | 109,0 | 101,8 | 1,8 | 2,1 |
| Құрылыс | 104,7 | 112,5 | 107,5 | 6,8 | 7,0 |
| Сауда; автомобильдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу | 94,2 | 102,0 | 108,3 | 12,3 | 14,8 |
| Қонақ үйлер мен мейрамханалар | 113,2 | 120,8 | 106,7 | 0,9 | 1,3 |
| Көлік және байланыс | 101,9 | 108,2 | 106,2 | 10,4 | 7,6 |
| Қаржы қызметі | 95,5 | 108,6 | 113,7 | 5,5 | 1,2 |
| Жылжымайтын мүлікпен операциялар жалға беру және тұтынушыларға қызмет көрсету | 101,7 | 107,1 | 105,3 | 15,5 | 4,7 |
| Мемлекеттік басқару | 100,9 | 104,5 | 103,6 | 1,9 | 4,5 |
| Білім беру | 99,1 | 102,4 | 103,3 | 3,0 | 9,6 |
| Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету | 98,8 | 103,0 | 104,3 | 1,7 | 4,4 |
| Коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызмет көрсету | 101,8 | 105,8 | 103,9 | 1,6 | 2,8 |

* Индекс қаржы делдалдығының жанама-өлшенетін қызметтерінсіз есептелген.

**2006-2008жж. I жартыжылдығындағы экономикалық қызметтің
жекелеген түрлері бойынша еңбек өнімділігінің индекстері**

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен


2002 жылдың I жартыжылдығы=100, пайызбен



2.2 ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ


2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2007 жылғы сәйкес деңгейге өнеркәсіп өндірісінің нақты көлем индексі 103% (2005ж. – 105,3%, 2006ж. – 107,5%, 2007ж. – 104,7%) құрады. Есепті кезеңде 8202 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілді. Өндіріс көлемінің өсуі республиканың он өңірінде байқалды.

Өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері




Тұтастай өнеркәсіп бойынша нәтижелердің қалыптасуына кен өндіру өнеркәсібі аса үлкен ықпал етті. Өндірістің республикалық көлемінде оның үлесі 60%-дан астамын құрайды.

Өнеркәсіп өнімдерінің нақты көлем индекстері және өнеркәсіптің салалық құрылымы




Кен өндіру өнеркәсібінде 5209 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Бұл өткен жылғы сәйкес кезеңнен 5%-ға жоғары. Мұнай өндіру негізі Атырау облысының кәсіпорындары есебінен артты. Сондай-ақ, табиғи газ және көмір өндірісі өсті. Қарағанды облысында темір кенін, Қостанай облысында теміркенді шекемтастар шығару қысқарды.

Кен өндіру өнеркәсібінің нақты көлем индекстері



Өңдеу өнеркәсібінде өткен кезеңде өндіріс 0,4%-ға төмендеп, 2618 млрд. теңгені құрады. Құрылыс материалдарын, қара металл, көлік құралдары мен жабдықтарын шығару төмендеді.

Өңдеу өнеркәсібінің нақты көлем индекстері



Сусындарды қоса, тамақ өнімдері 530 млрд. теңгеге өндірілді. Өткен жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейге өсім 2,5% құрады. Ет, шұжық өнімдері, балық, ұн, жарма, нан, қант пен макарон өнімдерін шығару өсті. Шырындар, күнбағыс, мақта және сары майларын, сүт, ірімшік, сүзбе, кондитерлік өнімдерді және алкогольды сусындарды шығару төмендеді.


Есепті кезеңде **тоқыма және тігін өнеркәсібінде** өндіріс 3%-ға өсті. Свитерлер, жемпірлер мен пуловерлер, жұмыс киімдерін, төсек жаймаларын шығару артты. Маталар (Оңтүстік Қазақстан облысы), қалпақтар және бас киімдер (Алматы қаласы) шығару төмендеді.

Аяқ киім және қойдың, ешкінің, шошқа және ірі қара малдың терісінен жасалған былғары шығаруының өсуі есебінен **былғары, былғарыдан жасалған бұйымдар мен аяқ киім** өндірісінің көлемі 1,9 есе артты.

Ағымдағы жылғы қаңтар-қыркүйекте **сүрек өңдеу мен ағаштан жасалған бұйымдар шығаруында** нақты көлем индексі 100,1% құрады. Шпалдар, паркет, құрылыстық конструкциялар, ағаш жәшіктерінің өндірісі өсті. Ағаш материалдарын, терезелер мен есіктер, ағаш талшығынан жасалған тақталар шығару қысқарды.

Целлюлоза-қағаз өнеркәсібі және баспа ісі өнімінің көлемі өткен жылғы деңгейге 97,7% құрады. Түсқағаздар, қораптар, жәшіктер, сөмкелер, кітаптар, кітапшалар және дәптерлерді өндіру төмендеді. Кеңірдектенген қағаз бен картон шығару өсті.

**Өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің
нақты көлем индекстері және үлес салмағы**



Есепті кезеңде **кокс, мұнай өнімдерін және ядролық материалдар** 176 млрд. теңгеге өндірілді, бұл өткен жылғы деңгейден 5,9%-ға асып түсті. Керосин, газойльдер, мазут өндіру артты. Павлодар мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында бензин шығару төмендеді.

Фосфор, күкірт және фосфор қышқылын, фосфорлы тыңайтқыштар, натрий трифосфаты мен бихроматын шығаруының арту есебінен, **химия өнеркәсібінде** (111,5%) өндіріс артты. Азотты тыңайтқыштар (Маңғыстау облысы), хром илегіш (Ақтөбе облысы) өндірісі қысқарды.

Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде нақты көлем индексі 106,9% құрады. Резеңкеден және пластмассадан жасалған құбырлар, түтіктер, қолжәндер мен шлангілер, резеңке ленталар шығару өсті. Пластмассадан жасалған есіктер, терезелер, тақталар, табақтар мен жолақтар өндіру төмендеді.

2008 жылдың басынан бері **өзге де металл емес минералды өнімдер өндірісінің** едәуір төмендеуі байқалды. Есепті кезеңде нақты көлем индексі 74,1%, ал көлемі 156 млрд. теңгені құрады. Өнімге сұраныстың азаюына байланысты құрылыс материалдары: цемент, әк, бетон, тақталар, тақтайшалар, силикат және қож кірпіштер, бетоннан жасалған құрылыс конструкцияларын шығару (Шығыс Қазақстан облысы, Астана, Алматы қалалары) төмендеді.

Металлургия өнеркәсібі үлесіне өңдеу өнеркәсібі көлемінің 45%-на жуығы келеді. Өткен кезеңде 565 млрд. теңгенің қара металлургия, 525 млрд. теңгенің түсті металлургия өнімі өндірілді. **Қара металлургияда** Қарағанды облысында шойын, болат және жалпақ илек шығаруының төмендеуі есебінен нақты көлем индексі 96,9% құрады. **Түсті металдар** өндірісі 4,7%-ға өсті. Өңделмеген күміс, алюминий мен мырыш, мыс сымдарын шығару артты.

**Өңдеу өнеркәсібі қызметінің жекелеген түрлерінің
нақты көлем индекстері және үлес салмағы**



Машина жасау саласында 215 млрд. теңгеге өнім өндірілді, ол өткен жылғы деңгейден 4,5%-ға төмен.


Машиналар мен жабдықтар өндірісі 7,5%-ға өсті. Мойынтіректер, қатарлап дестегіштер, сорғылар, тракторлар, мұнай-газды қайта өңдейтін жабдықтарды шығару артты. Сонымен қатар, автоматты кір жуғыш машиналар және кен өндірісіне арналған машиналар (Алматы қаласы), мұнай кәсібіне арналған жабдықтар (Солтүстік Қазақстан облысы) шығару қысқарған.

Электр жабдықтары, электрондық және оптикалық жабдықтардың шығарылымы өткен жылмен салыстырғанда 5,7%-ға артқан. Трансформаторлар, оқшауландырылған сымдар мен кабельдер, бөлуге арналған қалқандар, теледидарлар өндірісі артты. Цифрлық есептеу машиналарын, аккумуляторлар, конденсаторлар, сұйықтық және электр энергиясы санауыштарын шығару төмендеді.

Көлік құралдары мен жабдықтар 74 млрд. теңгеге шығарылды. Нақты көлем индексі 79,8% құрады. Ақмола облысында жүк тасымалдайтын және Шығыс Қазақстан облысында жеңіл автомобильдер 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден аз шығарылған.

Өнеркәсіптің өзге де салаларында өндіріс (75,4%) негізінен отыруға арналған, ағаштан жасалған кеңсе және ас үйге арналған жиһаз, ағаш төсектер, зергерлік бұйымдар, спорт тауарларын шығаруды төмендеу есебінен азайды.

Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері және үлес салмағы




Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлуде ағымдағы жылғы қаңтар-қыркүйекте өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда өсім 9,4% құрады.

Электр энергиясы 59,6 млрд. кВт.сағ. өндірілді, бұл 2007 жылғы сәйкес деңгейден 8,1%-ға жоғары. Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда облыстарынан және Алматы қаласынан басқа барлық өңірлердің кәсіпорындарында өндіріс өсті.

Жылу энергиясын өндіру 63,1 млн. Гкал құрады немесе өткен жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 2%-ға көп. Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарынан және Алматы қаласынан басқа барлық өңірлерде өндіріс артты.

Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлудің нақты көлем индекстері



2.3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте тұтастай республика бойынша, бағалау бойынша, ағымдағы бағаларда 1037 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы сәйкес кезеңнен 4,3%-ға төмен.


Өсімдік шаруашылығы

2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында дәнді және бұршақты (бидайға) дақылдардың қолда бары 13,2 млн. тонна болды. Астықтың елеулі бөлігі (42,3%) – нан қабылдайтын пункттер мен элеваторларда, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында (39,1%) сақталды. Шаруа (фермер) қожалықтарының үлесіне сақталудағы астықтың 13,5%-ы, диірмен комбинаттары және басқа да кәсіпорындардың үлесіне - 5,1% келеді.

Сақталудағы астықтың жалпы көлемінің 81,4%-ын – азық-түлік, 10,6%-ын – тұқымға бидай, 8% – жемдік астық құрады.

2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында астықтың бары

мың тонна



Азық дайындау. Ағымдағы жылғы 2 қазандағы жағдай бойынша тұтастай республика бойынша 13416,8 мың тонна пішен және 219,5 мың тонна пішендеме жиналды, бұл тиісінше, қажеттіліктің 101,5%-ы мен 53,2%-ын құрайды. Пішен дайындығын пішен талап етілетін көлемнен аз дайындаған Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарынан басқа дерлік барлық облыстардың ауыл шаруашылығы құралымдары ойдағыдай жүргізуде.

Ағымдағы жылы тұтастай республика бойынша пішен пен пішендеме өткен жылғы сәйкес күндегіден 1,3%-ға артық дайындалған. Сүрлем және сабанды дайындау, тиісінше, қажеттіліктің 31,8% және 67,8%-ын құрады.


Мал шаруашылығы

2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша өткен жылғы сәйкес күнмен салыстырғанда мал төлдеу және оны сатып алудың артуы есебінен малдың барлық түрлері басының өсуі белгіленді.

Ауыл шаруашылығы құралымдарында ірі қара мал басы - 2,9%, қой мен ешкі - 4,8%, шошқа - 2,9%, жылқы - 5,4%, түйе - 4%, құс басы - 9,4%-ға өсті.

2006-2008жж. 1 қазанға ауыл шаруашылығы малдары мен құс саны

мың бас




2008 жылғы қаңтар-қыркүйектегі ет өндірісі өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 4,1%-ға артты. Ірі қара малдың союға өткізілген көлемі 9%, шошқа – 11,2%, қой мен ешкі – 6,5%, жылқы - 12% өсті.

Бір ірі қара мал басының орташа тірідей салмағы 299 кг, қой мен ешкі – 38 кг, жылқы – 313 кг құрады.

Сүт бағытындағы бір сиырға сүттің орташа сауылуының 3,4%-ға артуы есебінен сиыр сүтінің өндірісі 3%-ға өсті.

Мекиен тауықтың орташа басының 6,3%-ға және 1 мекиен тауықтың орташа жұмыртқалауының 3,8%-ға артуы есебінен жұмыртқа өндірісі 10,5%-ға өсті.

2006-2008жж. қаңтар-қыркүйектегі мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру




2.4 ҚҰРЫЛЫС

Құрылыс қызметі

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі, бағалау есебімен, 1250,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 3,1%-ға көп.

Республика көлемінде жеке құрылыс ұйымдары атқарған құрылыс жұмыстарының үлес салмағы едәуір – 74,8% болды. Шетелдік мердігерлер – 24,5%, мемлекеттік ұйымдар – 0,7%-ын орындады.


Құрылыс жұмыстарының нақты көлем индекстері



Орындалған жұмыстардың құрылымында ғимарат тұрғызу және азаматтық құрылыстың үлесі (жалпы көлемнің 56,3%-ы) едәуір көп болды (2007 жылғы қаңтар-қыркүйекте – 40,6%).

Орындалған құрылыс жұмыстарының түрлері бойынша құрылымы

пайызбен




Құрылыс жұмыстары көлемінің өсуі 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда республиканың 9 өңірінде байқалды. Мұның өзінде құрылыс жұмыстарының едәуір өсуі Атырау (1,5 есеге) және Оңтүстік Қазақстан (20,8%-ға) облыстарында байқалды.

Жалпы республикалық құрылыс жұмыстарының көлемінде Астана, Алматы қалалары және Атырау облысы едәуір үлес (жалпы көлемнен барлығы 60%-ға жуық) алады.

Өңірлер бойынша құрылыс жұмыстарының нақты көлем индекстері


өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен



2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 22979 ғимараттар салынды, оның ішінде 20265 тұрғын және 2714 тұрғын емес мақсаттағы. Пайдалануға берілген тұрғын емес мақсаттағы объектілердің едәуір саны сауда саласына – 1131, сондай-ақ көлік және байланыс саласына – 811 келеді.

Денсаулық сақтау және білім беру саласында 76 объект пайдалануға берілді, оның ішінде 24 - жалпы білім беретін мектеп, 14 - мектепке дейінгі мекеме, 38 - амбулаторлық-емханалық мекеме.

Білім беру және денсаулық сақтау объектілерін пайдалануға беру




Тұрғын үй құрылысы

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте тұрғын үй құрылысына 344,1 млрд. теңге инвестициялар салынды, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңнен 6,7%-ға аз. Негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемінде тұрғын үй құрылысында игерілген қаражаттың үлесі 13,3% құрады.

Барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар және халықпен жалпы алаңы 4487,3 мың шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға берілді, бұл 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейден 4,1%-ға төмен. Жеке кәсіпорындармен, ұйымдармен және жеке тұрғындармен тұрғын үйлерді пайдалануға беру басым болып қалып отыр (пайдалануға берілген жалпы тұрғын үй көлемінің 87,7%-ы). Жеке құрылысшылар үлесіне 59% келеді. Мемлекеттік ұйымдармен тұрғын үйдің жалпы көлемінің 8,2%-ы пайдалануға берілді. Шетел кәсіпорындарымен тұрғын үйдің жалпы алаңының 4,1%-ы пайдалануға берілді.

Тұрғын үйлерді пайдалануға берудің нақты көлем индексі



Пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемінің өсуі республиканың 11 өңірінде байқалады. Едәуір өсуі Шығыс Қазақстан (1,5 есе), Солтүстік Қазақстан (1,3 есе), Ақмола (21,6%) және Алматы (18,5%) облыстарында белгіленді.

Тұрғын үйлер құрылысының құны. Тұрғын үйдің жалпы алаңының 1 шаршы метр құрылысының орташа нақты құны 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 56,2 мың теңге, соның ішінде жеке тұрғындармен салынғаны – 37,4 мың теңгені құрады.

2.5 КӨЛІК

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте республикадағы **жүк айналымы** (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) 272732,0 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі жүк айналымынан 7,0%-ға көп.

Темір жол көлігінің жүк айналымы 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 160235,5 млн. ткм құрады, бұл республика ішінде ұзақ қашықтыққа тасымалдаулардың артуы есебінен 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 10,6%-ға жоғары болды.


2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте **автокөліктің** жүк айналымы (коммерциялық тасымалдаумен айналысатын көліктік емес ұйымдар мен кәсіпкерлер тасыған жүк көлемін бағалауды есепке алғанда) – 44730,3 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 1,5%-ға көп.

Магистралдық құбырдың жүк айналымы 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 67305,1 млн. ткм құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 2,8%-ға көп. Жүк айналымының жалпы көлемінен мұнайды тасымалдау 33109,3 млн. ткм (Каспий құбыры желісі консорциумы бойынша және Қытайға жеткізілімнің өсуі есебінен 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегіден 5,4%-ға артты), газ – 34195,8 млн. ткм (арту 0,4%-ға болды) құрады.

Су жолының ашылуынан бастап **өзен көлігінің** жүк айналымы 39338,3 мың ткм құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегіден 13,6%-ға аз.


Әуе көлігінің жүк айналымы 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 49464,5 мың ткм құрап, 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекке 16,1%-ға төмендеді.

Жүк айналымының серпіні



Жолаушылар айналымы 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 1,7%-ға артып, 91383,4 млн. жкм құрады, соның ішінде автобустарда – 1,7%, таксиде – 4,0%, әуе көлігінде – 7,9%, бұл халықтың экономикалық тұрғыдан белсенділігінің өсуіне байланысты болды. Сонымен қатар темір жол көлігіндегі жолаушылар айналымының – 4,9%, троллейбустағы – 29,4%, трамвайда – 16,6%-ға төмендеуі байқалды.


Жолаушылар айналымының құрылымы



2.6 БАЙЛАНЫС


2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте жедел деректер бойынша республиканың байланыс кәсіпорындары 302,9 млрд. теңге сомда қызмет көрсетті, соның ішінде халыққа көрсетілгені – 122,6 млрд. теңге, бұл 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекке қарағанда салыстырмалы бағада, тиісінше – 14,2% және 13,5%-ға көп.

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте байланыс қызметтерінен түскен табыстар



Республикадағы телекоммуникациялық рыноктың дамуына мобильдік байланыс, қалааралық телефон байланысы, Интернет сияқты сегменттер ықпал етеді.


Байланыс қызметтерінің серпіні



2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте байланыс қызметтерінен түскен табыстар құрылымында ең көп үлесті жедел әрекетті байланыс – 52,7% құрайды. 2007 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда жедел әрекетті байланыс қызметтерінің көлемі 19,4%-ға өсті.


Байланыс қызметтерінен түскен табыстардың құрылымы

пайызбен



Байланыс кәсіпорындары табыстарының жалпы көлемінде халыққа байланыс қызметтерін өткізуден түскен табыс 40,5% құрады. 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар көлемінде 58,1% - жедел әрекетті байланыс қызметтері, 17,9% - қалааралық, халықаралық байланыс қызметтері, 10,4% - жергілікті телефон байланысы қызметтері, 13,6% - байланыстың өзге де түрлері қызметтерінен түскен табыстар құрайды.

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте халыққа көрсетілген байланыс қызметтерінен түскен табыстар




2.7 САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЗМЕТТЕР

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 1765,8 млрд. теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 3,3%-ға артты. 2008 жылғы қыркүйекте тауар өткізу 238,2 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы қыркүйектегі деңгейден тұрақты бағаларда 7,6%-ға жоғары, 2008 жылғы тамызбен салыстырғанда өсу 4,3% құрады.

2007-2008жж. айлар бойынша бөлшек сауда тауар айналымының серпіні


өткен жылғы тиісті айға пайызбен



Қаңтар-қыркүйекте тұтыну тауарларын сату республика халқының жан басына шаққанда орта есеппен 112,9 мың теңгені құрады, бұл 2007 жылғы осы кезеңдегіден 27,6 мың теңгеге жоғары.

2008 жылғы қаңтар-қыркүйектегі өңірлер бойынша бөлшек сауда тауар айналымының нақты көлем индекстері


өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Бөлшек сауда тауар айналымының көлемін қалыптастыруда едәуір үлесі мемлекеттік емес секторға келеді. Жыл басынан бері жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар және жеке кәсіпкерлермен, сондай-ақ базарларда тауарды өткізу бойынша айналым 1707,0 млрд. теңге (96,7%), басқа мемлекеттердің, олардың заңды тұлғалары мен азаматтарының айналымы – 58,4 млрд. теңге (3,3%) сомасында алынды.

Өткізу арналары бойынша бөлшек сауда тауар айналымының құрылымы

жалпы көлемге %-бен



Негізінен тұрақты сауда желісінде қызметті жүзеге асыратын сауда ұйымдары мен жеке кәсіпкерлермен тауарларды сату есебінен бөлшек сауда айналымын қалыптастыру үрдісі сақталып келетінін айта кету керек. Олардың үлесі бөлшек сауда айналымын қалыптастырудағы құрылымында 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 81,6% құрады. Сонымен қатар, базарларда сауда жасау үлесі 2007 жылғы қаңтар-қыркүйектегі 23,5%-дан, 2008 жылғы тиісті кезеңдегі 18,4%-ға дейін төмендеп келеді.

Республиканың көтерме сауда тауар айналымы ағымдағы жылғы қаңтар-қыркүйекте 4418,4 млрд. теңгені құрады немесе 2007 жылғы тиісті кезеңнен 0,8%-ға көп болды. Мұның өзінде, іс жүзінде алынған тауар айналымының барлық көлемі мемлекеттік емес секторға келеді. Көтерме сауда тауар айналымында азық-түлік емес тауарлар мен өндірістік-техникалық мақсаттағы тауарлардың басым үлес алуы жалғасуда.

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсету көлемі 74,7 млрд. теңгені құрады немесе 2007 жылғы тиісті кезеңнен 5,6%-ға көп болды. Мұның өзінде қоғамдық тамақтандыру қызметтерін көрсетудің жалпы көлемінің 17,7%-ын жеке кәсіпкерлер ұсынып отыр.

Талдау жасалып отырған кезең ішінде техникалық қызмет көрсету және автомобильдерді, мотоциклдерді, тұрмыстық бұйымдар мен жеке пайдаланатын заттарды жөндеу бойынша қызмет көрсету көлемі 14,9 млрд. теңгені құрады. Бұл қызметтердің едәуір бөлігін (48,3%) шағын кәсіпкерлік саласында (шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер) ұсынылып отыр.

3. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІ МОНИТОРИНГІ

Белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) шығару өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (тұрақты бағаларда) 0,1%-ға өсіп, 1748,9 млрд. теңгені құрады.


өткен жылғы тиісті кезеңге %-бен

| | Белсенді шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны | Жұмыспен қамтылғандар саны | Өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) шығарылымы |
|-------------------------------|---|----------------------------|---|
| Қазақстан Республикасы | 106,7 | 107,0 | 100,1 |
| Ақмола | 102,4 | 103,8 | 102,3 |
| Ақтөбе | 91,0 | 93,6 | 103,4 |
| Алматы | 107,8 | 104,7 | 100,6 |
| Атырау | 113,1 | 117,7 | 99,3 |
| Шығыс Қазақстан | 110,9 | 112,7 | 103,7 |
| Жамбыл | 106,0 | 108,8 | 96,9 |
| Батыс Қазақстан | 124,2 | 111,8 | 96,7 |
| Қарағанды | 109,8 | 106,2 | 103,6 |
| Қостанай | 107,2 | 101,3 | 102,6 |
| Қызылорда | 113,1 | 111,2 | 89,1 |
| Маңғыстау | 107,4 | 111,6 | 98,6 |
| Павлодар | 107,0 | 103,7 | 97,4 |
| Солтүстік Қазақстан | 96,3 | 93,0 | 100,1 |
| Оңтүстік Қазақстан | 99,1 | 100,8 | 101,9 |
| Астана қаласы | 116,6 | 114,2 | 97,4 |
| Алматы қаласы | 109,4 | 113,8 | 98,9 |

Өнім шығарудың өсуі Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Ақтөбе, Қостанай және Ақмола облыстарында белгіленді. Өнім шығарудың төмендеуі Қызылорда, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау, Павлодар облыстарында және Астана мен Алматы қалаларында байқалды.


Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өнім шығаруының төмендеуі (өсуі)

пайызбен



Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) шығару құрылымы

пайызбен




Рынокта белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2008 жылғы 1 қазанға өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 6,7%-ға артып, 658807 бірлікті құрады, оның ішінде 60826 заңды тұлғалар, 428035 – жеке кәсіпкерлер және 169946 шаруа (фермер) қожалықтары.

Республиканың он үш өңірінде белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 1000 тұрғынға шаққандағы санының артуы тіркелді. Олардың саны Батыс Қазақстан (7,5 бірлік), Атырау (6,4 бірлік), Шығыс Қазақстан (4,2 бірлік), Қостанай (3,5 бірлік), Алматы (3,1 бірлік) облыстары және Астана қаласында (4,9 бірлік) артты. Төмендеу Ақтөбе (3,4 бірлік), Оңтүстік Қазақстан (1,3 бірлік) және Солтүстік Қазақстан (0,9 бірлік) облыстарында болды.

Белсенді жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің 1000 тұрғынға шаққандағы саны бойынша өңірлердің бөлінуі


бірлік



Шағын кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны 7,0%-ға артып, 1924,3 мың адамды құрады.

Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны


мың адам



2008 жылғы 1 қазанға шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санының ең көп артуы өткен жылғы сәйкес көрсеткішпен салыстырғанда Атырау (17,7%), Шығыс Қазақстан (12,7%), Батыс Қазақстан (11,8%), Маңғыстау (11,6%) мен Қызылорда (11,2%) облыстарында, Астана (14,2%) мен Алматы (13,8%) қалаларында белгіленді. Жұмыспен қамтылғандар саны Ақтөбе (6,4%) және Солтүстік Қазақстан (7%) облыстарында төмендеді.

Шағын кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар санының құрылымы

пайызбен




4. СЫРТҚЫ САУДА

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ақпараты)

4.1 СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы кеден статистикасының деректері бойынша ұйымдаспаған сауда есебінсіз 2008 жылғы қаңтар-тамызда 74138,6 млн. АҚШ долларын құрады және 2007 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 47,8%-ға артты, оның ішінде экспорт – 49592,8 млн. АҚШ доллары болып, 68,8%-ға артты, импорт (тасымалдауға және сақтандыруға кеткен шығыстарды есепке алғанда) – 24545,8 млн. АҚШ долларын құрап, 18,1%-ға артты.


Экспорттың тауарлық құрылымы



Қазақстан өнімдерінің негізгі сатып алушылары: Италия (18,2%), Швейцария (15,7%), Қытай (9,5%), Ресей Федерациясы (8,9%), Франция (7,4%), Нидерланды (6,1%), Израиль (3,8%), Иран (3,1%), Украина (2,9%), Түркия (2,6%).

Талданып отырған кезең ішінде экспорттың жалпы көлеміндегі ТМД елдерінің үлесі 15,5% (2007 жылғы қаңтар-тамызда – 16,8%) құрады.

Импорттың тауарлық құрылымы



2008 жылғы қаңтар-тамызда инвестициялық тауарлар импорттың жалпы көлемінде 11589,3 млн. АҚШ долларын немесе 47,2% (2007 жылғы қаңтар-тамызда – 9569,5 млн. АҚШ доллары немесе 46,0%) құрады.

2008 жылғы қаңтар-тамызда барлық импорттық жеткізілімдердің 46,1%-ы ТМД елдеріне (2007 жылғы қаңтар-тамызда – 44,4%) келеді. Импорт өнімдерінің негізгі жеткізушілері: Ресей Федерациясы (импорттың

жалпы көлемінің – 37,2%-ы), Қытай (11,1%), Германия (6,9%), АҚШ (5,2%) , Украина (5,0%), Италия (3,3%), Жапония (2,7%), Франция (2,6%), Түркия (2,5%), Ұлыбритания (1,9%), Норвегия (1,8%),

4.2 ТМД МЕМЛЕКЕТТЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2008 жылғы қаңтар-тамызда ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы 19005,5 млн. АҚШ долларын құрады және 2007 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 34,1%-ға артты, оның ішінде экспорт – 7685,6 млн. АҚШ доллары болып, 55,8%, импорт – 11319,9 млн. АҚШ долларын құрап, 22,5 %-ға артты.

Жалпы тауар айналымындағы ТМД мемлекеттерінің үлесі 25,6% (2007 жылғы қаңтар-тамызда – 28,2%) құрады.

2008 жылғы қаңтар-тамызда ТМД мемлекеттеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералдық өнімдердің үлес салмағы 52% (2007 жылғы қаңтар-тамызда – 50%), азық-түлік тауарлары – 11% (12%), химиялық өнімдер – 10% (15%) құрады.

2008 жылғы қаңтар-тамызда ТМД елдерінен әкелінетін импорт көлеміндегі машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, приборлар мен аппараттардың үлесі – 23% (2007 жылғы қаңтар-тамызда – 26%), минералдық өнімдер – 34% (27%), металлургия өнімдері – 17% (18%), химия тауарлары – 8% (9%) құрады.

ТМД елдері минералдық, химия және металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері болып табылады: 2008 жылғы қаңтар-тамызда осы елдерден әкелінетін минералдық ресурстар импортының көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі 95% (2007 жылғы қаңтар-тамызда – 94%), металлургия өнімдері – 50% (57%), азық-түлік тауарлары – 61% (62%), химия тауарлары – 36% (38%) құрады.

4.3 ӘЛЕМНІҢ БАСҚА ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА

2008 жылғы қаңтар-тамызда әлемнің басқа елдерімен сыртқы сауда айналымы 55133,1 млн. АҚШ долларын құрап, 2007 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 53,2%-ға артты, оның ішінде экспорт – 41907,2 млн. АҚШ доллары болып, 71,4%, импорт – 13225,9 млн. АҚШ долларын құрап, 14,5%-ға артты.

2008 жылғы қаңтар-тамызда әлемнің басқа елдеріне шығарылған экспорттың жалпы көлеміндегі минералдық шикізаттың үлес салмағы – 78% (2007 жылғы қаңтар-тамызда – 74%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері – 14% (18%) құрады.

2008 жылғы қаңтар-тамызда әлемнің басқа елдерінен әкелінген импорт көлеміндегі машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, приборлар мен аппараттардың үлесі – 57% (2007 жылғы қаңтар-тамызда – 64%), азық-түлік тауарлары – 5% (5%), химия өнімдері – 13% (12%), металлургия өнеркәсібінің өнімдері – 14% (10%) құрады.

Елдің аса маңызды тауарларға қажеттілігін қамтамасыз етуде әлемнің басқа елдері үлкен роль атқарады: 2008 жылғы қаңтар-тамызда осы елдерден әкелінген машина жасау өнімдері импортының көрсетілген тауарлардың жалпы импортындағы үлесі – 74% (2007 жылғы қаңтар-тамызда – 75%), фармацевтикалық тауарлардың – 89% (88%), киімдердің – 86% (81%), азық-түлік тауарларының үлесі – 39% (38%) құрады.


4.4 ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің деректері бойынша 2008 жылғы II тоқсанда төлем балансының ағымдағы операциялар шоты бойынша оң сальдо – 2724,2 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қалыптасты (2007 жылғы сәуір-маусымда нәтиже теріс мәнді – 2001,4 млн. АҚШ доллары болды). Бұл тауарлармен жасалатын операциялардың оң нәтижесінің 3451,2 млн. доллардан 9322,8 млн. долларға дейін өсуі мен қызметтердің теріс нәтижесінің 1921,1 млн. доллардан 1833,9 млн. долларға дейін және ағымдағы трансферттер – 531,2 млн. доллардан 145,1 млн. долларға дейін төмендеуімен түсіндіріледі. Табыстар бойынша теріс нәтиже, тиісінше, 3000,2 млн. доллардан 4619,6 млн. долларға дейін өсті.

Тауар айналымы (ф.о.б. бағасында) 2008 жылғы II тоқсанда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 45,6%-ға өсіп, 29645,7 млн. долларды құрады. Тауар айналымында импортқа 34,3% (10161,4 млн. доллар), экспортқа 65,7% (19484,3 млн. доллар) келеді. Аталған кезеңде ТМД елдерінен тауарлар импортының көлемі – 24,4%, экспорттың көлемі – 52,6%-ға өсті. Алыс шет елдерден – тиісінше, 17% және 66,1%-ға.

2007-2008жж. импорт және экспорт көлемі

млн. АҚШ доллары



Көрсетілген қызметтер көлемі 2008 жылғы сәуір-маусымда 1105,5 млн. долларды құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңге қарағанда 26,4%-ға көп. Көрсетілген қызметтердің жалпы көлемінде көлік қызметтері – 52,5%, сапарлар бойынша қызметтер – 24,3%, өзге де қызметтер – 23,2% алады.

Импортталынатын қызметтер көлемі 2939,4 млн. доллар сомасында белгіленді, оның ішінде көлік қызметтері – 643,4 млн. доллар, сапарлар бойынша қызметтер – 240,1 млн. доллар, өзге де қызметтер – 2055,9 млн. доллар.

2008 жылғы II тоқсанда өткен жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғанда инвестициялардан және жұмыс істейтіндерге өтемақыдан түскен табыс 1% өсіп, 1014,2 млн. долларды, ал көрсетілген баптар бойынша төлемдер – 5633,8 млн. долларды (2007 жылғы сәуір-маусымда – 4004,8 млн. доллар) құрады.

Қаржы операцияларының шоты 2008 жылғы сәуір-маусымда теріс болып – 3782 млн. доллар (2007 жылғы сәуір-маусымда оң мәнді – 3669,4 млн. доллар) көлемінде қалыптасты.

Тікелей инвестициялармен жасалған операциялар бойынша сальдо 1726,4 млн. доллар (2007 жылғы екінші тоқсанда 206,4 млн. доллар) құрады. Есепті кезеңде шетелдегі тікелей инвестициялармен жасалған операциялар нәтижесі теріс болып – 428 млн. долларды, ал Қазақстанда оң мәнді болып – 2154,4 млн. долларды құрады.

2008 жылғы II тоқсанда портфельдік инвестициялармен жасалған операциялар nettосы теріс болып – 2973,7 млн. доллар (2007 жылғы II тоқсанда оң мәнді – 1104,9 млн. доллар) болды.

Төлем балансының «Басқа да инвестициялар» бабы бойынша жүргізілген операциялардың таза нәтижесі теріс болып – 558,4 млн. долларды (2007 жылғы II тоқсанда оң мәнді – 3018,3 млн. доллар) құрады. Активтер көлемінде операциялардың көп бөлігі сауда несиелеріне – 927,2 млн. доллар, міндеттемелер көлемінде – қарыздарға 973,7 млн. доллар келеді.


Қазақстанның резервтегі активтерінің өзгеруі 2008 жылғы сәуір-маусымда теріс болып, 2084,7 млн. доллар құрады.

5. ИНВЕСТИЦИЯЛАР

5.1 НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі бағалау есебімен 2587,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңнен 8,2%-ға көп.


Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлем индекстері



Негізгі капиталға салынған инвестициялардың артуы өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда республиканың 12 өңірлерінде белгіленді. Мұның өзінде, цемент шығаратын зауыт құрылысының салынуына байланысты Жамбыл облысында (2 есе) елеулі өсу байқалды. Мұнай кен орындарын жайластыру мен мұнай құбырын салуға салынған салымдардың артуына байланысты Қызылорда облысында инвестициялар көлемі (1,9 есе) өсті. Газдың кен көзі орналасқан жерлерінде жұмыстардың жандануына байланысты Батыс Қазақстан облысында инвестиция көлемі 30,3%-ға өсті. Ақмола облысында автомобиль жолдары құрылысы және кірпіш зауытының белсенді қарқынмен салынуына байланысты өсу 29,2% құрады.

Өңірлер бойынша негізгі капиталға салынған инвестицияларды игеру қарқыны

өткен жылғы тиісті айға %-бен




Ең белсенді инвесторлар жеке меншік нысандардың шаруашылық жүргізуші субъектілері болды. Олармен негізгі капиталға салынған инвестициялардың 53,3%-ы игерілді. Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын басқа мемлекеттер кәсіпорындары мен ұйымдарының үлес салмағы 27,7% құрады. Мемлекеттік сектордың үлесіне салымдардың 19,1%-ы келеді.

Инвестицияның технологиялық құрылымында 52,9%-ды ғимараттар мен үйлердің құрылысы мен күрделі жөндеу жұмыстары, 28,2% - машиналар, жабдықтар, құралдар, құрал-саймандар, 18,9% - өзге де күрделі жұмыстар мен шығындар құрады.

Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымы

пайызбен




Өнеркәсіп салалары ішінде шикі мұнай және табиғи газ өндіру инвестициялар салу үшін ең тартымды сала болып табылды, осы салаларда қызмет көрсету негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 22,7%-ын алады.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда білім беруге (1,8 есе), электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлуге (67%), қонақ үйлер мен мейрамханаларға (43,5%), және коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызмет көрсету саласына (40,8%) инвестициялық салымдар едәуір өсті.

Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымы

инвестицияның жалпы көлеміне пайызбен



Инвесторлардың жеке меншік қаражаттары негізінен кен өндіру өнеркәсібінде (көрсетілген қаражат көздерінен 35,8% инвестиция) игерілген. Бюджеттік қаражаттың көп бөлігі (63,8%-ы) «Көлік пен байланыс», «Электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу» және «Білім беру» салаларының дамуына бағытталды. 54% қарыз қаражаты кәсіпорындардың «Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, жалға алу және тұтынушыларға қызмет көрсету» экономикалық қызмет түрінде қолданылды.

Шетел инвестицияларының жартысына жуығы (45,8%) кен өндіру өнеркәсібін дамытуға бағытталды. Шетел инвесторлары үшін ең тартымды Атырау облысы болды, мұнда есепті кезеңде барлық шетелдік инвестицияның 61,7%-ы игерілді.

6. БАҒАЛАР

6.1 ТҰТЫНУ БАҒАЛАРЫ

Ағымдағы жылғы қыркүйекте **инфляция** 0,6% құрады, бұл тамызға қарағанда 0,2 пайыздық тармаққа аз. Инфляцияға ең көп «салымды» (0,4%) ақылы қызметтердің 1,5%-ға қымбаттауы қосты. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,1%, азық-түлік емес - 0,3%-ға өсіп, бағалардың жалпы өсіміне 0,1%-дан қамтамасыз етті.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте азық-түлік тауарлары рыногында нан мен жарма өнімдері бағаларының өсімі 0,5% (тамызда – 1,2%) құрады. Бағалардың көтерілуі жармаларға: ұнтақ – 1,8%, сөк – 1,4%, арпа - 1%-ға байқалды. Тоқаш және ұннан дайындалатын кондитерлік өнімдердің бағасы 1,4%, күріш – 0,6%, макарон өнімдері – 0,4%, нан – 0,2%, ұн – 0,1%-ға өсті.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте жұмыртқаның 4,8% және сүт өнімдері – 1,4%-ға маусымдық қымбаттауы байқалды. Сүзбенің бағасы бір ай ішінде 1,9%, қаймаққа - 1,8%, жаңа сауылған сүт - 1,7%, ірімшік – 1,2%, айран – 0,8%-ға өсті.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте ет және ет өнімдері 0,9%-ға қымбаттады, ағымдағы жылғы тамызда – 0,3%-ға. Шошқа етінің баға өсімі 2,8%, шұжық өнімдерінің – 1,8%, жылқы етінің – 1% және сиыр етінің – 0,5% құрады. Балық және теңіз өнімдерінің бағалары ай ішінде 0,7% (ағымдағы жылғы тамызда – 0,1%-ға) өсті, ал консервіленген – 0,9%, жаңа ауланған - 0,4%-ға.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте қант бағасының деңгейі 0,5%, кондитерлік өнімдер - 1,4%-ға көтерілді. Маргарин 0,8%, мал майы – 0,4%-ға қымбаттады, күнбағыс майы 0,5%-ға арзандады.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте жемістер мен көкөністердің бағасы 4,2% төмендегені байқалды (тамызда – 4,4%-ға). Жемістер 1,5%, жаңа жиналған көкөністер – 6,2%, картоп – 6%-ға арзандады.


Өткен айда бензин 3,1%-ға, дизель отыны – 2,7%-ға арзандады, қатты отын - 2,6%-ға қымбаттады.

Баспа басылымдарының бағасы 1,6%, медициналық препараттар – 1,4%, жуғыш және тазалағыш құралдар – 1%-ға, киім және аяқ киім, жеке басқа арналған гигиена тауарлары – 0,5%-дан, үй тұрмысына қажетті заттар – 0,4%-ға өсті.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетулердің баға өсімі 1,5% (тамызда – 2,5%) құрады. Электр энергия тарифтері 3,1%, ыстық су - 1,3%, қоқыс жинау – 1,2%, орталықтан жылыту – 0,9%, суық су- 0,5%, көріз – 0,3%-ға өсті.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте білім беру қызметтерінің бағалары 5,7%, көлік – 1,5%, шаштараз – 1,4%, медициналық мекемелер – 1,2%, мәдениет - 0,8%, мейрамханалар мен қонақ үйлер – 0,7%-ға көтерілді.


2007-2008жж. инфляция



2008 жылғы қыркүйекте жаңа үйдің бір шаршы метрін сату бағасы республика бойынша орта есеппен 151,5 мың теңгені құрап, өткен айдың деңгейінде қалды, көркейтілген тұрғын үйді қайта сату бағасы – 112,4 мың теңге құрап, 0,9%-ға төмендеді.

2007-2008жж. тұрғын үй рыногындағы бағалардың өзгеруі

өткен айға пайызбен, өсуі +, төмендеуі –



Жемістер мен көкөністерге, бензинге, көмірге баға өсуінің әсерін есепке алмай есептелген базалық инфляция ағымдағы жылғы қыркүйекте 0,9%, тамызда 1,1% құрады.

2008ж. Қазақстан Республикасындағы инфляция

пайызбен, өсуі

| | 2008ж. қыркүйек | | | | 2008ж. қаңтар-қыркүйек 2007ж. қаңтар-қыркүйекке |
|--|-----------------|--------------------|--------------------|-------------------|--|
| | 2008ж. тамызға | 2005ж. желтоқсанға | 2007ж. желтоқсанға | 2007ж. қыркүйекке | |
| Инфляция | 0,6 | 39,1 | 8,1 | 18,2 | 19,2 |
| Базалық инфляция | 0,9 | 37,5 | 8,1 | 17,9 | 18,8 |
| Ақшалай табысы ең төмен халықтың топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі | 0,4 | 47,3 | 9,9 | 22,4 | 24,2 |
| Ақшалай табысы ең жоғары халықтың топтарына арналған бағалар мен тарифтердің өзгеруі | 0,6 | 35,6 | 7,4 | 16,4 | 17,3 |

2008 жылғы қыркүйекте 2007 жылғы желтоқсанға қарағанда негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларынан есептелген халықтың орташа жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 22,4%-ға өсті, өткен айға қарағанда – 1%-ға төмендеді және 13183 теңге (тағам өнімдері – 7910 теңге, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтер – 5273 теңге) құрады. 2008 жылғы қыркүйекте оның құрылымында ет пен балықты сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі 17,8%, сүт, май-тоң май өнімдері мен жұмыртқаны – 14,8%, жемістер мен көкөністерді – 16,2%, нан өнімдерін – 9,2%, қант, шай және дәмдеуіштерді сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі – 2% құрады.

6.2 ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ БАҒА

Өнеркәсіп өнімін өндіруші-кәсіпорындар бағасының индексі, өндірістік сипаттағы қызметтер көрсетуді қоса ағымдағы жылғы қыркүйекте тамыз айымен салыстырғанда 92,4%, 2007 жылғы желтоқсанмен – 128,2% құрады. Өндірілген өнім бір ай ішінде 7,9%-ға арзандады, өндірістік сипаттағы қызмет көрсетулер – 0,3%-ға қымбаттады. Түпкілікті мақсат бойынша сыныпталған өнімдер тобынан аралық тұтыну өнімдерінің бағасы 8,6% төмендеді, өндіріс құралдары – 0,7%, тұтыну тауарлары 0,5%-ға көтерілді.

Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-

| | 2008ж. қыркүйек | | | | 2008ж. қаңтар-қыркүйек 2007ж. қаңтар-қыркүйекке |
|---|-----------------|-------------------|--------------------|--------------------|---|
| | 2008ж. тамызға | 2007ж. қыркүйекке | 2007ж. желтоқсанға | 2005ж. желтоқсанға | |
| Өнеркәсіп өнімдері, өндірістік сипаттағы қызметтер көрсетуді қоса | -7,6 | 46,6 | 28,2 | 93,9 | 50,2 |
| Өндірілген өнім | -7,9 | 48,8 | 29,4 | 98,7 | 52,9 |
| Өндіріс құрал-жабдықтары | 0,7 | 31,7 | 18,1 | 55,1 | 34,4 |
| Аралық тұтыну тауарлары | -8,6 | 51,6 | 31,0 | 106,1 | 56,4 |
| Тұтыну тауарлары | 0,5 | 19,8 | 11,8 | 37,0 | 18,6 |
| Өндірістік сипаттағы қызметтер көрсету | 0,3 | 9,8 | 6,8 | 25,5 | 8,3 |


Өнеркәсіп өнімін өндірушілер бағаларының базалық индексі (мұнай мен металл бағаларының өзгеруі есебінсіз) ағымдағы жылғы қыркүйекте тамыз айына қарағанда 95%, 2007 жылғы желтоқсанға – 124,8% құрады.

Өткен айда бағаның төмендеуі кен өндіру өнеркәсібінде 10,6% және өңдеу өнеркәсібінде – 1,8%, олардың өсуі - электр энергиясын, газ бен су өндіру мен бөлуде – 2,4%-ға белгіленді. Өлемдік рыноктарда арзандауынан республикада газ конденсатын өндіру бағасы 15,4%, мұнайдың – 11,3%-ға төмендеді. Бұл өнеркәсіптегі бағаның жалпы деңгейіне 4,9% теріс «салым» қосты. Табиғи газ бағасы 0,5% төмендеді, ал электр энергиясына 4,2%, мұнай өнімдеріне – 0,9%, көмірге – 0,5%-ға өсті. Энергия ресурстары жалпы бір айда 10,6%-ға арзандады.

Металлургия өнеркәсібінде ағымдағы жылғы қыркүйекте бағаның 3,4%-ға төмендеуі тіркелді. Отандық өндірушілерде мырыштың бағасы 10,4%, өңделмеген алюминий – 9,5%, мыс – 9,4%-ға төмендеді. Қара металдар илегі 4,5%, қорғасын – 1,6%-ға қымбаттады..

2008ж. энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі

өткен айға пайызбен



Сырлар мен лактарға бағаның деңгейінің өзгеруінсіз химия өнеркәсібінде бағалар өткен айда 2,5%-ға төмендеуі байқалды, бұл негізгі химия өнімдеріне олардың сәйкес 3,1%-ға өзгерісімен байланысты.

Республикада өндірілген азық-түлік тауарларынан өсімдік майы – 3,6%, бидай ұны – 1,2%, жармалар – 0,2%-ға арзандады. Аграрийлерде қымбаттауына байланысты мал етінің бағасы 4,4%, құс етінің – 2,6%, ет өнімдерінің – 1,3%, сүт өнімдерінің – 0,8%-ға өсті.

Байқауға алынған өндірістік сипаттағы қызметтерден өткен айда өңірлік деңгейдегі желілер бойынша электр энергиясын тасымалдауда тарифтердің 1,3%, газет басып шығаруда – 1,6%-ға өсу үрдісі сақталды. Бү және ыстық сумен қамтамасыз ету бойынша қызметтердің тарифтері өзгеріссіз қалды.

Өнеркәсіп кәсіпорындары технологиялық үдеріс үшін сатып алған өндіріс ресурстарына бағалар индексі ағымдағы жылғы қыркүйекте тамыз айына қарағанда 101,7% құрады. Республикада сатып алынған шикізат пен материалдар бағасы 1,1%, алыс шетелден – 6,2%, Достастық елдерінен – 3,5%-ға өсті.

Республикадан шетелдерге шығарылған тауарлардың бағасы ағымдағы жылғы тамызда шілде айымен салыстырғанда 2,8%, 2007 жылғы желтоқсанмен – 45,4%-ға өсті. Түпкілікті мақсат бойынша сыныпталған, экспорттық өнім топтарындағы дайын тауарлар ағымдағы жылғы тамызда шілдеге қарағанда 4,3%, шикізат – 3,7%, жартылай дайын фабрикаттар – 0,1%-ға қымбаттады. Минералды шикізаттан экспорттық жеткізілімдер бағасының көтерілуі көмірге – 6,7%, мұнайға – 5,1%, оның қайта өңделген өнімдеріне – 6%, олардың төмендеуі табиғи газға 19,4%-ға тіркелді. Қара металдар – 3,5% қымбаттап, түсті – 3,6%-ға арзандады. Шетелге шығарылған азық-түлік тауарларынан астыққа (18,3%), көкөністерге (15,3%) едәуір төмендеуімен қатар жармалар мен сүт өнімдері (15%-дан) бағаларының өсімі байқалды.

Қазақстанға әкелінген өнімдер бағасының индексі 2008 жылғы тамызда шілдеге қарағанда 103,7%, 2007ж. желтоқсанға – 123,7%, алыс шетелден – тиісінше 105,4% және 118,5%, жақын шетелден – 102,4% және 128% құрады. Импортылатын өнімдерден ай ішінде кофе бағасының 13,1%, қара металдан және пластмастан жасалған өнімдер – 9,4%-дан, балық – 6,4%-ға өсуі белгіленді. Фармацевтика өнімдері 13,6%, жемістер мен жаңғақтар – 11,3%, маргарин – 10,9%, еттен жасалған дайын өнімдер – 10,4%, табиғи газ – 10,3%-ға арзандады.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте өткен аймен салыстырғанда **ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бағасы** олардың өткен жылғы осы кезеңінің өзгерісінен 0,2 пайыздық тармаққа асып түсіп, 0,7%-ға өсті. Өткен айда мал шаруашылығы өнімдерінің бағасы 3,3%-ға өсті (бұл өткен жылғы осы кезеңде 0,9% болған), ал өсімдік шаруашылығы өнімдеріне баға 0,9%-ға төмендеді (7%-ға өсті).

Ауыл шаруашылығы өнімдері бағаларының өзгеруі

пайызбен, өсуі +, төмендеуі-

| | 2008ж. қыркүйек | | | | 2008ж. қаңтар-қыркүйек 2007ж. қаңтар-қыркүйекке |
|------------------------------|-----------------|-------------------|--------------------|--------------------|---|
| | 2008ж. тамызға | 2007ж. қыркүйекке | 2007ж. желтоқсанға | 2005ж. желтоқсанға | |
| Ауыл шаруашылығы өнімдері | 0,7 | 44,4 | 14,6 | 74,5 | 45,8 |
| Өсімдік шаруашылығы өнімдері | -0,9 | 58,6 | 19,0 | 102,3 | 63,2 |
| Мал шаруашылығы өнімдері | 3,3 | 25,3 | 8,7 | 40,5 | 23,2 |


Ағымдағы жылғы тамызда жұмыртқаны өткізу бағасы - 1,3%-ға төмендеуінен кейін қыркүйекте 9,3%-ға көтерілді. Сиярдың шикі сүті - 3,8%, бие сүті - 14%-ға өсті. Бір ай ішінде мал және құс еті – 2,2%, жылқы еті - 2,7%, шошқа еті - 2,5%, ірі қара мал еті - 2,3%, қой еті - 1,4%-ға қымбаттады. Балға баға - 15,4%, жүнге - 0,2%-ға өсті.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте дәнді дақылдар рыногында бағаның төмендеуі бидайға – 1,4%-ға белгіленді, ал күрішке олар - 1,7%, арпаға - 0,6%, жүгеріге - 0,4%-ға өсті.

Өткен айда көкөніс өнімдері 3,5%-ға арзандады. Баға қызанаққа - 10%, қырыққабатқа - 7,3%-ға төмендеді, ал қиярға - 5,7%, қызылшаға - 1,4%, сәбіз бен пиязға – 1-1,1%-ға көтерілді. Гүлдерге олар – 11,4%, мақсары тұқымына – 9,3%, қантты қызылшаға - 5,7%-ға көтерілді. Ағымдағы жылғы қыркүйекте картоп – 2,8%, бұршақ – 1,7%-ға қымбаттады, ал алма мен алмұрт – 4,7%-ға арзандады.

2007-2008жж. ауыл шаруашылығы өнімдерінің жекелеген түрлеріне бағалардың өзгеруі


өткен айға пайызбен, өсуі+, төмендеуі-



Ағымдағы жылғы қыркүйекте тамызбен салыстырғанда **құрылыстағы баға индексі** 100,7%, 2007 жылғы желтоқсанмен – 107,2%, құрылыс-монтаж жұмыстарына, тиісінше, 100,9% және 107,5%, технологиялық жабдықтарға – 100,5% және 108,1% құрады.

2007-2008жж. құрылыстағы баға индексі

өткен жылғы тиісті айға пайызбен



Ағымдағы жылғы қыркүйекте тамызға қарағанда құрылыс ұйымдары сатып алған материалдар, бөлшектер және конструкцияларға баға 0,7%-ға өсті. Мұнай битумы - 4,1%, болаттан жасалған ыстықтай илектелген бұрыштар және пішіндер - 3,6%, жарық беретін құрылғылар және асфальттан жасалған бұйымдар – 1,3-1,4%, бояулар, металл конструкциялары, санитарлық-техникалық бұйымдар және құбырлар - 0,7-0,9%-ға қымбаттады, ал портландцемент - 1,6%, қыш тақтайшалары - 0,5%, табақты әйнек - 0,2%-ға арзандады.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте **көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау тарифтерінің индексі** тамызбен салыстырғанда – 100%, 2007 жылғы желтоқсанмен – 110,4% құрады.

Өткен айда автомобиль көлігі қызметі 0,2%, жүктерді республика ішіндегі қатынастарға жеткізу – 0,3%, қала маңына - 0,1%-ға, ТМД елдеріне – 0,2% қымбаттады. Құбыр желісі көлігімен тасымалдау 0,1%-ға төмендеді, ал теміржол, әуе және су көлігімен жүк тасымалдау тарифтері өзгеріссіз қалды.

7. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ


7.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жедел деректері бойынша 2008 жылғы 1 қыркүйекке мемлекеттік бюджет табыстары 2266,6 млрд. теңгені немесе орындалатын бюджетке қатысты 65,7% құрады. Шығындар бойынша бюджеттің орындалуы 2185,9 млрд. теңгені құрады немесе есепті кезеңдегі жиынтық жоспарға – 62,6%-ды құрады. 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 26,2%-ға, ал шығындар 30,5%-ға өсті. Бюджет дефициті (таза бюджеттік кредит беруді және қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдоны есепке алғанда) 154 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

Мемлекеттік бюджет табыстарының құрылымында негізгі үлесті салықтық түсімдер (76%) алады. Бюджеттің негізгі қайнар көзі корпоративтік табыс салығы, қосылған құнға салық және әлеуметтік салық болып табылады.

Мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдерінің құрылымы
(2008ж. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша)


пайызбен



2008 жылғы қаңтар-тамызда мемлекеттік бюджет табыстарының құрылымында салықтық емес түсімдер – 2%, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 1,5%, трансферттердің түсімі – 20,5%-ды құрады.


Мемлекеттік бюджет табыстары
(2007-2008жж. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша)

млрд.теңге



Әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалған шығындар 2008 жылғы қаңтар-тамызда өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 17,6%-ға, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулерге жұмсалған шығындар 11%-ға, білім беруге – 31,5%-ға және денсаулық сақтауға – 14,5%-ға артты.

Мемлекеттік бюджет шығындары
(2007-2008жж. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша)



2008 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша Республикалық бюджетке түскен табыстар 1795,8 млрд. теңгені құрады. Шығындар 1778,8 млрд. теңге сомасында өндірілді. Бюджет дефициті 193,2 млрд. теңге деңгейінде белгіленді. Өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 28,7%, ал шығындар 31,6%-ға артты.

Республикалық бюджет табыстарының 68,3% – салықтар, 2,1% – салықтан тыс түсімдер, 0,2% – негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер және 29,4%-ын трансферттер түсімдері құрады.

Республикалық бюджет шығындарында әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға – 21%, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет көрсетулерге – 16,3%, көлік және коммуникацияға – 10,3%, білім беруге – 6,9%, денсаулық сақтауға – 3,7% және мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікке – 3% келеді.


Жергілікті бюджетке түскен табыстар 1242,9 млрд. теңгені, шығындар 1174,3 млрд. теңгені құрады. 2007 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда табыстар 28,2%, шығындар – 31,7%-ға өсті. Бюджет профициті 38,5 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

7.2 КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

2008 жылғы II тоқсанда зерттеуге қатысқан 1295 ірі және 3737 орта кәсіпорындардың салық салынғанға дейінгі пайдасы 1700,4 млрд. теңгені құрап, 2007 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 89,3%-ға немесе 801,9 млрд. теңгеге өсті.

Ірі және орта кәсіпорындардың қаржы нәтижесінің серпіні

өткен жылғы тиісті тоқсанға %-бен




Кәсіпорындардың жалпы пайдалылығы 53,7% құрады.

2008 жылғы II тоқсанда кәсіпорындар шығыстарының жалпы сомасы 2946,9 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегі сәйкес көрсеткіштен 16,5%-ға жоғары.

Ірі және орта кәсіпорындар шығыстарының құрылымы


пайызбен



Есепті кезеңде 1973 кәсіпорын (кәсіпорындардың жалпы санының 39,2%-ы) 103,4 млрд. теңге сомасында зиян шекті, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңдегі деңгейден 23,2%-ға жоғары, мұның өзінде зиян шеккен кәсіпорындардың саны 174 бірлікке көбейді.

Табысты болған және зиян шеккен кәсіпорындардың үлестік бөлінуі

пайызбен




Орта және ірі кәсіпорындардың өзара есеп айырысуларының жағдайы

2008 жылғы 1 шілдеге республиканың кәсіпорындарында міндеттемелер бойынша берешек 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 35,6%-ға өсіп, 12763,7 млрд. теңгені құрады, соның ішінде мерзімі өткен берешек жалпы міндеттемелер көлемінің 0,9%-ы (113,8 млрд. теңге) деңгейінде қалыптасты.

Ірі және орта кәсіпорындардың дебиторлық берешегі және міндеттемелер бойынша берешектің серпіні


млрд. теңге



Міндеттемелер бойынша берешектің құрылымында ең көп үлес салмағы жеткізушілер мен мердігерлер берешегіне – 19,8% және банктердің қарыздарына – 18,3% келеді. Міндеттемелер бойынша берешектің негізгі үлесі (71,6%) ірі кәсіпорындарға келеді.

Негізгі экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде міндеттемелер бойынша берешектің бөлінуі

пайызбен



Кәсіпорындар бойынша тұтастай дебиторлық берешек 2007 жылғы II тоқсанға қарағанда 53,5%-ға өсіп, 5865,9 млрд. теңгені құрады. Мерзімі өткен дебиторлық берешек 352,3 млрд. теңгені құрады, бұл берешектің жалпы сомасының 6,0%-ы. Дебиторлық берешектің құрылымында негізгі көлем – 40,7% (2385,1 млрд. теңге) - сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің берешегіне тиіс.

7.3 АҚША-КРЕДИТ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2008 жылғы тамыздың соңына ақша базасы (резервтік ақшалар) 1751 млрд. теңге (2007 жылғы тамыздың соңына – 1751,1 млрд. теңге) сомасында анықталды және ағымдағы жылғы шілдемен салыстырғанда 4,9%-ға өсті. Ақша базасының құрамында Қазақстанның Ұлттық Банкінен (ҚҰБ) тыс қолма-қол ақшалар және екінші деңгейдегі банктердің және Қазақстан Ұлттық Банкіндегі басқа ұйымдардың депозиттері тиісінше 908,3 млрд. теңге мен 842,7 млрд. теңгені (2007 жылғы тиісті кезеңде, тиісінше – 938,1 млрд. теңге және 813 млрд. теңге) құрады.

Айналымдағы қолма-қол ақша (M0) 2008 жылғы тамыздың соңына 2008 жылғы шілдемен салыстырғанда 1,2%-ға өсті және 796,8 млрд. теңгені құрады.


Ақша базасы (M3) ағымдағы жылғы тамыздың соңына өткен аймен салыстырғанда 8,7%-ға өсті және 5887,7 млрд. теңгені (2007 жылғы тамыздың соңына – 4572,1 млрд. теңге) құрады.

Екінші деңгейдегі банктердегі резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2008 жылғы тамыздың соңына 5090,9 млрд. теңге сомасында (2007 жылғы тамыздың соңына – 3766 млрд. теңге) белгіленді. Ұлттық валютадағы депозиттер өткен аймен салыстырғанда 3,2%-ға 3104,8 млрд. теңгеге дейін, ал шетел валютасындағы депозиттер 22,4%-ға 1986,1 млрд. теңгеге дейін өсті. 2008 жылғы тамызда жеке тұлғалар

депозиттері 1532,8 млрд. теңге сомасында (2007 жылғы тиісті кезеңде – 1437,2 млрд. теңге) анықталды, бұл депозиттердің жалпы сомасының 30,1%-ын құрады.

2007-2008жж. ұлттық және шетел валютасындағы депозиттер


кезең соңына, млрд. теңге



Ағымдағы жылғы тамыздың соңына екінші деңгейдегі банктер кредиттері 7267,9 млрд. теңгені (2007 жылғы тиісті кезеңде – 7129,9 млрд. теңге) құрады. Аталған кезеңде 2008 жылғы шілдемен салыстырғанда банктік емес заңды тұлғаларға берілген кредиттер сомасы 0,2%-ға өсіп, 4836,4 млрд. теңге, жеке тұлғаларға тиісінше – 0,9%-ға дейін азайып, 2431,5 млрд. теңгені құрады

2007 және 2008жж. тамыздағы екінші деңгейдегі банктер кредиттерінің салалық құрылымы

кезең соңына, пайызбен



1 – өнеркәсіп; 2 – ауыл шаруашылығы; 3 – құрылыс; 4 – көлік; 5 – байланыс; 6 – сауда; 7 – өзгелер

2008 жылғы тамыздың соңына ұзақ мерзімді кредиттер сомасы (бір жылдан астам) 5805,1 млрд. теңгені (2007 жылғы тамыздың соңына – 5618,9 млрд. теңге) құрады және өткен аймен салыстырғанда 0,4%-ға азайды. Кредиттер құрылымында олар ең үлкен үлесті – 79,9% (2007 жылғы тиісті кезеңде – 78,8%) құрады.


Кредиттеу объектілері бойынша ең үлкен үлесті айналым қаражаттарын сатып алуға берілген кредиттер – 25,6% (1859,3 млрд. теңге), ең аз үлесті құнды қағаздарды сатып алуға берілген кредиттер – 1,5% (108,4 млрд. теңге) алады. Азаматтардың тұтынушылық мақсаттарына берілген кредиттер – 16,1% (1168,7 млрд. теңге), жаңа құрылыс және қайта құруға – 12,9% (938,1 млрд. теңге), негізгі қорларды сатып алуға – 11,5% (835,1 млрд. теңге), азаматтарға тұрғын үйлерді салу және сатып алуға – 11% (800,8 млрд. теңге), басқа мақсаттарға – 21,4% (1557,5 млрд. теңге) құрады.

2008 жылғы тамыздың соңына екінші деңгейдегі банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредиттері 1464,5 млрд. теңгені құрады, бұл өткен айға қарағанда 0,3%-ға аз. Бұл жалпы берілген кредиттердің 20,2%-ын (2007 жылғы тиісті кезеңде – 20,6%) құрайды.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша ағымдағы жылғы тамызда шетел валютасын айырбастау пункттерімен сату көлемі оны сатып алу көлемінен: еуро бойынша – 2,3 есеге, АҚШ доллары бойынша – 2,7 есеге, ресей рублі бойынша – 1,3 есеге асып түсті. Шетел валютасын сату көлемі өткен аймен салыстырғанда еуро бойынша – 3%-ға, ресей рублі бойынша – 9,4%-ға өсті, АҚШ доллары бойынша – 2,5%-азайды.

2007-2008жж. АҚШ доллары және еуროның ресми айырбастау бағамдары

кезең соңына, валюта бірлігіне теңгемен



ҚР Ұлттық Банкінің қайта каржыландыруының ресми мөлшермесі 2008 жылғы 1 шілдеден бастап 10,5% жылдық деңгейінде белгіленді.

8. ЕҢБЕК РЫНОГЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

8.1 ЖАЛДАНЫП ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ

2008 жылғы III тоқсанда (алдын ала деректер бойынша) жалдамалы қызметкерлер саны 5,2 млн. адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңнен 227,9 мың адамға (4,5%-ға) көп. Олардың санынан мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда 4,2 млн. адам (80,5%), жеке тұлғаларда 0,6 млн. адам (12%), шаруа (фермер) қожалықтарында 0,4 млн. адам (7,5%) жұмыс істеді.

2008 жылғы тамызда ірі және орта кәсіпорындарда 3 млн. адам жұмыс істеді немесе жалдамалы қызметкерлердің жалпы санының 56,6%-ы. Бұл өткен жылғы тиісті айға қарағанда 92,6 мың адамға немесе 3,2%-ға көп.


2008 жылғы тамызда жұмыс күшінің ағыны өткен жылғы осы аймен салыстырғанда білім беруде – 21,8 мың адам (4%), саудада – 18,7 мың адам (18,8%), денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында – 13,8 мың адам (4,9%), көлік пен байланыста – 11,8 мың адам (4,5%), өнеркәсіпте – 9,3 мың адам (1,3%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда – 8,9 мың адам (4,6%), мемлекеттік басқаруда – 8,3 мың адам (3,7%), коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызмет көрсету саласында – 6,5 мың адам (9,8%), қаржы қызметінде – 3 мың адам (4,3%-ға) байқалды.

2008 жылғы тамыздың соңына ірі және орта кәсіпорындарда 27,8 мың бос жұмыс орны болды (тізімдік санға 0,9%). Бұл 2007 жылғы тамызға қарағанда 2,7 мың бірлікке (10,5%) көп. Ең көп бос жұмыс орындарының саны мемлекеттік басқару мекемелерінде – 6919 бірлік (олардың жалпы санының 24,9%-ы) және өнеркәсіп кәсіпорындарында – 6058 бірлік (21,8%) сақталды. Аталған кезеңде жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда бос жұмыс орны - 3364 бірлікті (12,1%), денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында – 2989 бірлікті (10,7%), көлік және байланыста - 2710 бірлікті (9,7%), қаржы қызметінде – 1559 бірлікті (5,6%), білім беруде – 1020 бірлікті (3,7%), саудада – 885 бірлікті (3,2%-ға) құрады.

2008 жылғы тамызда шілдемен салыстырғанда бос жұмыс орындары санының артуы 1041 бірлікке (3,9%) тіркелді, оның ішінде мемлекеттік басқару мекемелерінде – 429 бірлікке (6,6%), коммуналдық, әлеуметтік және дербес қызмет көрсету саласында – 347 бірлікке (42,1%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда – 311 бірлікке (10,2%), көлік және байланыста – 210 бірлікке (8,4%), өнеркәсіпте – 167 бірлікке (2,8%), денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында – 121 бірлікке (4,2%).

Аталған кезеңде бос жұмыс орындары санының азаюы құрылыс ұйымдарында – 183 бірлікке (18,5%), саудада – 177 бірлікке (16,7%), білім беруде – 141 бірлікке (12,1%-ға) тіркелді.

2007-2008жж. ірі және орта кәсіпорындардағы бос жұмыс орындарының саны



8.2 ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ


2008 жылғы III тоқсанда 15 және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны (алдын ала деректер бойынша) 8,5 млн. адамды құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегіден 168,6 мың адамға (2%-ға) көп.

Республика экономикасында 7,9 млн. адам жұмыс істеді. 2007 жылғы III тоқсанға қарағанда олардың саны 211,9 мың адамға немесе 2,7%-ға өсті. Ерлер 4 млн. адамды немесе жұмыс істейтіндердің жалпы санының жартысынан астамын, әйелдер – 3,9 млн. адам немесе 48,9% құрады. Жұмыс істейтіндер құрылымында жалдамалы қызметкерлердің үлесі 66,1%, өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың үлесі – 33,9% құрады.

2008 жылғы III тоқсанда жұмыссыздар саны (табысты жұмысы болмаған, оны үздіксіз іздеген және оған кірісуге әзір болған 15 жастағы және одан асқан адамдар) 540,6 мың адамды құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 43,3 мың адамға немесе 7,4%-ға аз. Жұмыссыздық деңгейі 6,4% (2007 жылғы III тоқсанда – 7,0%) болды.

Жұмыссыздардың жалпы санында ерлер 215,1 мың адамды (39,8%), әйелдер – 325,5 мың адамды (60,2%) құрады.

2007-2008жж. жұмыссыздар саны және жұмыссыздық деңгейі



Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша жұмысқа орналасу мәселесі жөнінде уәкілетті органдарға 2008 жылдың басынан бергі уақытқа дейін 197,6 мың адам өтінішпен келді, ағымдағы жылғы қыркүйекте – 23,5 мың адам, ауыл тұрғындары – тиісінше, 84,6 мың және 9,7 мың адам.

Жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдары есебінде тұрған азаматтардың саны 2008 жылғы қыркүйектің соңында 58,6 мың адамды құрады, бұл өткен айдағыдан 5,3 мың адамға (8,3%-ға) және 2007 жылғы тиісті кезеңдегіден 6,9 мың адамға (10,6%-ға) аз. Тіркелген жұмыссыздардың жалпы санында әйелдер – 39,9 мың адамды (68,1%) құрады. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санындағы тіркелген жұмыссыздардың үлесі 0,7% (2007 жылғы қыркүйекте – 0,8%) құрады.


Ағымдағы жылғы қаңтар-қыркүйекте 163,9 мың адам жұмысқа орналастырылды немесе өткен жылғы тиісті кезеңге қарағанда 4 мың адамға (2,5%-ға) көп. Өтінішпен келгендер санының 82,9%-ы жұмысқа тұрды. Кәсіби даярлауға немесе қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға 23,7 мың адам жіберілді, қоғамдық жұмыстарға – 85,2 мың адам қатысты.

2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 13 кәсіпорын түрлі себептермен өндірісін толық тоқтатты, 36 кәсіпорын – жартылай тоқтатты, 9 кәсіпорын – толық емес жұмыс уақыты режиміне толық көшті, 18 кәсіпорын - толық емес жұмыс уақыты режимінде жартылай жұмыс істеді. Демалысқа шығуға мәжбүр болған қызметкерлер саны қыркүйекте 4 мың адамды (2007 жылғы қыркүйекте – 4,7 мың адамды) құрады.

8.3 ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

2008 жылғы тамызда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 63322 теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 16,7%-ға, қаңтар-тамызда, тиісінше – 59069 теңге және 17,8%-ға өсті. Нақты көріністе осы кезеңдердегі төмендеу, тиісінше – 2,8% және 1,3% құрады.


2007-2008жж. еңбекақы төлеу



Жалдамалы жұмыспен қамтылған қызметкерлер еңбекақысының артуы 2008 жылғы тамызда 2007 жылғы сәйкес аймен салыстырғанда экономикалық қызметтің барлық түрлерінде белгіленді. Еңбекақы төлеудің ең жоғарғы деңгейі экономиканың қаржы мен өндіріс салаларында сақталады. Қаржы құрылымындағы бір қызметкердің жалақысы 2008 жылғы тамызда 127 мың теңгені, кен өндіру өнеркәсібінде – 119,4 мың теңгені, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда – 91,1 мың теңгені, көлік пен байланыста – 90,5 мың теңгені, құрылыста – 90 мың теңгені құрады, бұл орташа республикалық деңгейден 1,4-2 есе асып түсті.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің орташа жалақысы ағымдағы жылғы тамызда 36854 мың теңге құрады, бұл республика бойынша орта есеппен 41,8%-ға аз, білім беру – тиісінше 35304 теңге және 44,2%-ға. Ең төменгі жалақы ауыл шаруашылығы қызметкерлерінде – 34465 теңге сақталады, бұл ел бойынша көрсеткіштен орта есеппен 45,6%-ға аз.

2007-2008жж. экономика секторлары бойынша орташа айлық жалақы




9. ХАЛЫҚ ТАБЫСЫ

9.1 АҚШАЛАЙ ТАБЫС

2008 жылғы тамызда халықтың жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 31221 теңгені құрады, бұл 2007 жылғы тамызбен салыстырғанда 20,2%-ға жоғары, нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 0,1%-ға артты.

2008ж. тамыздағы халықтың атаулы және нақты ақшалай табысы (бағалау)

өткен жылғы тиісті айға пайызбен



10. ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

10.1 ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

Ағымдағы жылғы 1 қыркүйекте еліміздегі халық саны ағымдағы деректер бойынша 15713,1 мың адамды құрады, оның ішінде қалалық - 8369,8 мың адам (53,3%) және ауылдық - 7343,3 мың адам (46,7%). Жыл басымен салыстырғанда 141,7 мың адамға немесе 0,9%-ға өсті. Осы кезең ішінде халық санының өсуі Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қостанай облыстарынан басқа барлық өңірлерде байқалды.

Республика халқының табиғи өсімі 2007 жылғы қаңтар-тамызда 105618 адамды құраса, ағымдағы жылғы қаңтар-тамызда 134929 адамды құрады. Табиғи өсімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда ағымдағы жылғы 1 қыркүйекте 12,0 адамды құрады (2007 жылғы 1 қыркүйекте - 10,1 адам).

Ағымдағы жылғы қаңтар-тамызда АХАЖ органдары 241741 тууды тіркеді (215206 туған балалар - осы жерде және бұдан әрі жақшаларда 2007 жылғы қаңтар-тамыздағы көрсеткіштер келтірілген), бұл 2007 жылғы қаңтар-тамызға қарағанда 26535 туғандарға артық. Туудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 22,0 (20,5) туғандарды құрады. Еліміздің өңірлері бойынша туудың деңгейі 1000 тұрғынға шаққанда 13,3-тен 31,6-ға дейінгі туғандар аралығында.

Ағымдағы жылғы қаңтар-тамызда еліміз бойынша тіркелген өлім саны 106812 (109588) адамды құрады. Өлімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 10,0 (10,4) өлгендерді құрады. Халықтың өлім деңгейі республика өңірлері бойынша 1000 адамға шаққанда 5,6-дан 13,7-ге дейін өлгендер аралығында.


Халық өлімі себептерінің негізгі топтарының арасында ең көп үлес салмағын әдеттегідей қан айналымы жүйесі аурулары алады, олардың үлесіне барлық тіркелген өлім оқиғаларының 50,5%-ы (52,1%) тиесілі, жазатайым оқиғалардан, улану мен жарақаттану - 13,2% (14,2%), жаңа өскіндер - 11,5% (11,2%) құрады.

Қан айналымы жүйесі ауруларынан өлгендердің жалпы санында жүректің ишемиялық ауруларынан өлгендер саны - 45,9% (45,2%) және ми қан тамырларының зақымдануынан өлгендер саны - 24,3% (24,0%). 2007 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда кісі өлтіруден -11,6%, өзін-өзі өлтіргендер -3,1%, жол-көлік оқиғаларынан өлгендер саны - 20,5%-ға азайды.

Ағымдағы жылғы қаңтар-тамызда елімізде 1 жасқа дейінгі 4957 (3085) бала өлімі тіркелді. Нәрестелер өлімінің коэффициенті 1000 туғанға шаққанда 19,0 (14,4) өлгендерді құрады. Нәрестелер өлімінің ең көп тараған себептері перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар, одан ағымдағы жылғы қаңтар-тамызда 3060 (1540) бала өлген немесе бір жасқа дейінгі өлгендердің жалпы санының 61,7%-ы (49,9%), туа біткен ауытқулардан - 784 (576) нәресте немесе 15,8% (18,7%).

Ағымдағы жылғы қаңтар-тамызда 2007 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда некелер мен ажырасулар саны азайды және тиісінше 87730 (93660) және 23644 (25168) құрады. Неке мен ажырасудың жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 9,0 (9,4) некені және 2,2 (2,4) ажырасуды құрады.


2007-2008жж. қаңтар-тамыздағы некелер мен ажырасулар саны



Осы кезең ішінде республикаға 32241 (38699) адам келді, ал одан тысқары - 25519 (26477) адам кетті. Ағымдағы жылғы қаңтар-тамызда еліміздегі халық көші-қонының өсімі 6722 (12222) адам құрады.

2007-2008жж. халық көші-қоны қозғалысының өзгеруі

адам



Ағымдағы жылғы қаңтар-тамызда 2007 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда Қазақстанға келгендер саны тиісінше 6458 адам немесе 16,7%, Қазақстаннан кеткендер саны тиісінше 958 адамға немесе 3,6%-ға азайды. Республикаға келгендердің жалпы санында 66,7%-ы (81,5%)-ТМД елдерінің тұрғындары. Республикадан ТМД елдеріне - жалпы кеткендер санының 94,5%-ы (92,9%) кетеді.

Республикаға келгендердің көші-қон ағымы құрылымындағы этностық сипаты бойынша айтарлықтай бөлікті қазақтар алады - 76,4% (79,2%), орыстар - 13,0% (11,8%), украиндар - 1,3% (1,1%), немістер 1,0% (1,0%) құрады. Республикадан тыс кеткен көшіп-қонушылардың жалпы санының үлесінде 70,0% (68,4%) орыстарға келеді, қазақтар - 5,2% (5,9%), украиндар - 7,9% (8,0%), немістер - 6,7% (8,0%) құрайды.

Қазақстанға шетелден келетін көшіп-қонушылардың негізгі бөлігі Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан және Алматы облыстарына қоныстанады, ал Қазақстаннан тысқары негізінен Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Ақмола және Қостанай облыстарынан қоныс аударады.

Ел ішіндегі қоныс аударатын көшіп-қонушылар саны 219665 адамды құрады, бұл 2007 жылғы қаңтар-тамызда қарағанда 17505 адамға немесе 8,0%-ға көп. Өңіраралық көші-қонға 97997 (88015) адам қатысты немесе республикалық көші-қонға қатысушылардың жалпы санының 44,6%-ы (43,5%).


Өңіраралық қоныс аударуда халық көші-қонының оң айырмасы елдің 5 (6) өңірінде байқалды, оның ішінде шамасы бойынша ең көбі Астана қаласында 15885 (12413) адам және Алматы қаласында 8916 (9549) адам. Ағымдағы жылғы қаңтар-тамызда ең көп келгендер Алматы қаласында (23,8 мың адам), Астана қаласында (21,0 мың) және Алматы облысында (12,9 мың адам) тіркелген.

10.2 ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

Республикалық СЭС-тің деректері бойынша 2008 жылғы қаңтар-тамызда 2007 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда бактериялық дизентериямен (2,4%), алғашқы рет бруцеллез диагнозы қойылған (13,8%), қызамықпен (32,7%), ротавирус энтеритімен (41,3%) ауырғандар санының өскені байқалды. ЖҚТБ-мен ауырғандар саны 126 (өткен жылғы тиісті кезеңде – 119) оқиғаны құрады, 1618 АҚТҚ - жұқпасын тасымалдаушылар (1331) анықталды.

Ағымдағы жылғы қарастырылып отырған кезеңде тіркелген жұқпалы аурулардың арасында аса кең тарағаны жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасы (100 мың халыққа шаққанда 8121 оқиға), ішектің өткір жұқпасы (142,9), тыныс органдарының туберкулезі (114,3), вирустық гепатит (43,3), мерез (40,7), битшеңдік (22) және қышыма (15,5) болды.

2007-2008жж. қаңтар-тамызда ең көп таралған ауру-сырқауға шалдығу оқиғаларының тіркелген саны



14 жасқа дейінгі балалар арасында 2008 жылғы қаңтар-тамызда бактериялық дизентериямен (15,8%), қызамықпен (26,2%), ротавирус энтеритімен (41%) ауырғандар саны көбейген. 44 АҚТҚ-жұқпасын тасымалдаушы (2007 жылғы қаңтар-тамызда – 62) анықталды.

2008 жылғы тамызда 2007 жылғы тамызбен салыстырғанда ротавирус энтеритімен (4,3%), алғашқы рет бруцеллез диагнозы қойылған (15,6%), бактериялық дизентериямен (43,9%), ауырғандар саны өскен. АҚТҚ-жұқпасын тасымалдаушылардың саны 185 оқиғаны (2007 жылғы тамызда – 166) құрады.

Ауылды жерлерде осы ай ішінде алғашқы рет бруцеллез диагнозы қойылған (21,7%), ротавирус энтеритімен (1,5 есеге), бактериялық дизентериямен (1,7 есеге) оқиғаларының саны өсті. Анықталған АҚТҚ-жұқпасын тасымалдаушылардың саны 51 оқиғаны (2007 жылғы тамызда – 45) құрады.

10.3 ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша республика аумағында 2008 жылғы қаңтар-тамызда тіркелген қылмыстардың саны 2007 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 1,8%-ға көбейіп, 86,1 мыңды құрады, соның ішінде 27,3%-ы әйелдерге (2007 жылдың 8 айында – 27,2% осы және одан әрі өткен жылғы тиісті кезеңдегі деректер келтірілген), 4,5%-ы - кәмелетке толмағандарға (4,9%) келеді. Тұтастай республика бойынша халықтың 10 мың адамына шаққанда тіркелген қылмыстардың саны 82 оқиғаны (82) құрады.


Қылмыстылық құрылымында ең жоғары үлес салмағы (65,4%) меншікке қарсы қылмыстарға (62,7%) келеді. Едәуір бөлігін бөтен адамның мүлкін ұрлауға (41,5%), тиесілі болып отыр, ол 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 5,4%-ға көбейген.

Халықтың денсаулығы мен адамгершілікке қарсы жасалған қылмыстар шамалы (4,7%) азайып, оның үлесі 7,9% құрады. Бұл топта ең жоғары үлес (7,7%) есірткіге байланысты жасалған қылмыстарға келеді, олардың саны 4,9%-ға азайған. Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз әзірлеуге, сатып алуға, сақтауға, тасымалдау мен жіберуге, оларды тұтынуға бейімдеуге, есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыруға немесе ұстауға байланысты қылмыстар 6,9% азайып, 3291 оқиғаны құрады. Бұл санаттағы қылмыстардың ашылуы 87,8% (88,9%) құрады.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыстардың үлесі 6,2% (7,7%), жеке адамға қарсы қылмыстардың үлесі 6,6% (7,3%) құрады. Жеке адамға қарсы қылмыстар тобында қасақана кісі өлтіру және өлтіруге оқталулар саны 1,2% көбейіп, сонымен бірге денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру оқиғаларының саны 15,8% және 7,3% тиісінше азайған.

2008 жылғы қаңтар-тамыздағы қылмыстылық құрылымы

пайызбен



Көлік қылмыстарының саны 4,4%-ға азайып, 2474 оқиғаны құрады.

Мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы жасалған қылмыстар саны 15%-ға, әскери қылмыстар саны – 5,5%-ға көбейді. Тіркелген қылмыстардың ішінде әскери қызметкерлер жасаған қылмыстардың 34,1%-ы - билігін пайдаланып қиянат жасау, билікті асыра пайдалану немесе әрекетсіздік (34,5%), 27,1%-ы - өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін бұзу (20,6%), 22,5% - бөлімді немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кету (25,8%) құрайды.

Есепті кезеңде тергелген қылмыстар бойынша республикада тұтастай алғанда материалдық залалдың анықталған сомасы 84023,8 млн. теңге болды (34394,1 млн. теңге), оның 34,9%-ы - экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға (58,1%), 16,3%-ы - меншікке қарсы қылмыстарға (28,1%) келеді.

Республиканың құқық қорғау органдары қылмыс жасаған 50680 адамды анықтады (2007 жылғы қаңтар-тамыздағыдан 1,9%-ға аз), қылмыстық жауапқа 38169 адам тартылған, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңнен 4,8%-ға көп. Қылмысы әшкереленген адамдардың 11,7%-ы - әйелдер, бұл өткен жылғы тиісті кезеңдегі деңгейде, 9,8%-ы - кәмелетке толмағандар (10,6%), мемлекеттік қызметті атқарушылардың үлесіне 2,8% (3,4%) келеді. Бұрын қылмыс жасаған адамдардың үлес салмағы – 7% (7,5%) құрады.


Қазақстан бойынша орташа алғанда әрбір он бірінші қылмыскер қылмысты - мас күйінде, әрбір үшіншісі - топ құрамында жасаған. Қылмыс жасап, анықталған адамдардың ең көп бөлігін жұмыссыздар - 73,8% (2007 жылғы 8 айда – 72,4%) құрады.

11. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨҢІРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Өнеркәсіп. 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2007 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда өнеркәсіп өндірісі көлемінің өсуі республиканың 10 өңірінде байқалды. Ең көп өсімге Жамбыл (16,8%), Атырау (16,6%) және Павлодар (9,4%) облыстары қол жеткізді. Мұның өзінде 5 өңір өнеркәсіп өндірісінің республикалық деңгейінен асып түсті. Өнеркәсіп өнімі өндірісінің төмендеуі Ақмола (8,5%), Қызылорда (1,4%), Қарағанды (0,9%) және Батыс Қазақстан (0,5%) облыстарында, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында тиісінше, 17,0% және 8,9%-ға байқалды.

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте өнеркәсіп өнімі көлемінің өсуі (төмендеуі)

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекке %-бен



Шикі мұнай өндіру Атырау (19,1%) және Батыс Қазақстан (9,0%) облыстарында өсті. Ақтөбе мен Қызылорда облысында ол, тиісінше, 2,3% және 3,8%-ға төмендеді.

Газ конденсатын өндіру Маңғыстау облысында 2,1 есе, ал Батыс Қазақстан облысында оның өндірісі 1,2%-ға төмендеді.

Қостанай облысында теміркенді шекемтастар өндірісі 10,5%-ға төмендеді.

Мыс кенін өндіру Павлодар (2,2 есе), Шығыс Қазақстан (56,6%) және Ақтөбе (30,1%) облыстарында өсті, ал Қарағанды облысында оны өндіру өткен жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейде сақталды.

Болат қорыту Павлодар (32,5%), Қостанай (35,6%) облыстарында өсті, ал Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында оның өндірісі, тиісінше, 4,2% мен 6,5%-ға төмендеді.

Өңделмеген мырыш өндіру Қарағанды 6,2% және Шығыс Қазақстан - 2,0%-ға облыстарында өсті.

Тазартылған мысты қорыту Алматы қаласында 10,5%-ға төмендеді, ал Қарағанды облысында оны қорыту өткен жылғы қаңтар-қыркүйектегі деңгейде сақталды.

Шығыс Қазақстан облысында жолаушыларға арналған жеңіл автомобильдер шығару 31,7%-ға төмендеді.

Электр энергиясын өндіру көлемінің ең жоғарғы өсімі Жамбыл (69,1%), Солтүстік Қазақстан (20,9%), Ақтөбе (17,6%), Алматы (17,0%) және Маңғыстау (13,4%) облыстарында, сондай-ақ Астана қаласында 6,5%-ға байқалды, елеулі төмендеуі Ақмола (20,7%) облысында тіркелді.

Сары май өндіру көлемінің ең жоғарғы өсімі Солтүстік Қазақстан (8,7%), Қостанай (4,8%) және Павлодар (7,0%) облыстарында байқалды. Осы уақытта сары май өндіру көлемінің айтарлықтай кемуі Шығыс Қазақстан (38,9%) облысында және Алматы қаласында (23,9%) тіркелді.

Тазартылған күнбағыс майы өндірісінің өсуі Шығыс Қазақстан (51,7%) және Ақтөбе (14,3%) облыстарында байқалды. Тазартылған күнбағыс майы өндірісінің төмендеуі Оңтүстік Қазақстан (79,3%) облысында және Алматы қаласында (46,0%) белгіленді.

Жеміс және көкөніс шырындарының өндірісі Оңтүстік Қазақстан (30,3%) және Қостанай (18,4%) облыстарында өсті. Оның өндірісінің төмендеуі Алматы (72,3%) облысында және Алматы қаласында (20,5%-ға) тіркелді.

Ауыл шаруашылығы. 2008 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша өткен жылғы сәйкес күнмен салыстырғанда тұтастай алғанда облыстар шаруашылықтарының барлық санаттарында ірі қара мал (2,9%), қой мен ешкі (4,8%), жылқы (5,4%) және түйелер (4,0%-ға) саны өсті.

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2007 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда ет өндіру көлемінің өсуі Астана мен Алматы қалаларынан басқа барлық облыстарда байқалды. Ет өндіру көлемінің ең жоғарғы өсіміне Солтүстік Қазақстан (7,4%), Ақтөбе (6,3%), Шығыс Қазақстан (5,7%) және Оңтүстік Қазақстан (4,8%) облыстары қол жеткізді. Оның өндірісінің төмендеуі Астана мен Алматы қалаларында тиісінше, 36,8% және 31,3% байқалды.

2007 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда сүт өндірісінің өсуі Павлодар облысынан, Астана мен Алматы қалаларынан басқа республиканың барлық облыстарында байқалды. Сүт өндіру көлемінің ең жоғарғы өсімі Маңғыстау (7,4%), Оңтүстік Қазақстан (7,3%) және Қарағанды (6,1%) облыстарында тіркелді. Оның өндірісінің төмендеуі Павлодар облысында 0,8%, Астана мен Алматы қалаларында, тиісінше 6,7% және 24,2% байқалды.

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте 2007 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда жұмыртқа өндірісінің өсуі Қазақстанның 12 өңірінде байқалды. Өсімнің жоғарғы қарқыны Алматы (35,0%), Қарағанды (16,3%) және Маңғыстау (14,3%) облыстарында болды. Оның елеулі төмендеуі Қызылорда (53,0%) облысында байқалды.

Инвестициялар. 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте негізгі капиталға салынған инвестициялар (жете бағалау есебімен) 2587,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңдегіден 8,2%-ға көп.

Инвестицияның өсуі Павлодар мен Оңтүстік Қазақстан облыстарынан, Астана мен Алматы қалаларынан басқа республиканың барлық өңірлерінде байқалды. Айтарлықтай өсім Жамбыл (2,1 есе), Қызылорда (1,8 есе), Батыс Қазақстан (30,3%) және Ақмола (29,2%) облыстарында тіркелді. Жоғарғы өсім қарқыны Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және Қарағанды облыстарында байқалды. Инвестициялар көлемінің төмендеуі Павлодар (1,9%) мен Оңтүстік Қазақстан (0,2%) облыстарында, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында, тиісінше, 8,7% және 8,3%-ға тіркелді.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру. 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемі өткен жылғы сәйкес кезеңдегі деңгейден республиканың 11 өңірінде асып түсті.

Аса белсенді тұрғын үй құрылысы Шығыс Қазақстан (47,2%), және Солтүстік Қазақстан (34,6%), Ақмола (21,6%) және Алматы (18,5%) облыстарында және Астана қаласында (9,2%) жүргізіліп жатыр.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемінің төмендеуі Оңтүстік Қазақстан (43,5%), Батыс Қазақстан (12,2%), Павлодар (10,3%) және Қызылорда (6,8%), облыстарында және Алматы қаласында (19,7%-ға) байқалды.

Бөлшек сауда тауар айналымы. 2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 1765,8 млрд. теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда (салыстырмалы бағада) 3,3%-ға өсті.

2008 жылғы қаңтар-қыркүйекте өңірлер бөлінісіндегі бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің өсуі 2007 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда (салыстырмалы бағада) республиканың 10 өңірінде байқалды. Сонымен, өсу Астана қаласында (15,9%), Қызылорда (30,5%), Жамбыл (28,4%), Атырау және Қостанай (әрқайсысында 10,7%-дан) облыстарында байқалды. Бөлшек сауда тауар айналымы көлемінің төмендеуі Солтүстік Қазақстан (15,6%), Маңғыстау (9,9%), Ақтөбе (8,2%) және Батыс Қазақстан (1,6%-ға) облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында (3,7%) белгіленді.

Тұтыну бағасының индексі. Тұтыну бағаларының индексі 2008 жылғы қыркүйекте 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 108,1% құрады. Азық-түлік тауарларының бағалары 8,9%, азық-түлік емес тауарлар - 6,1% және ақылы қызметтер - 9,1%-ға өсті.

2008 жылғы қыркүйекте 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда тұтыну тауарлары мен қызмет көрсетулер бағасы бағаның ең жоғарғы өсімі Шығыс Қазақстан мен Қостанай (әрқайсысында 8,7%-дан), Батыс Қазақстан (8,2%) және Жамбыл (8,1%) облыстарында, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында (тиісінше, 9,9% және 9,0%) тіркелді.

2008 жылғы қыркүйекте 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда азық-түлік тауарларына бағаның өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалды. Бағаның айтарлықтай өсуі Шығыс Қазақстан (10,2%), Павлодар (9,8%), Ақтөбе (9,4%), Маңғыстау (9,2%), Атырау (9,1%) және Қызылорда (9,0%) облыстарында, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларында – тиісінше, 11,5% және 8,3%-ға тіркелді.

Азық-түлік емес тауарлар бойынша 2008 жылғы қыркүйекте 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда бағаның өсуі республиканың барлық өңірлерінде байқалды. Азық-түлік емес тауарларға бағаның айтарлықтай өсуі Солтүстік Қазақстан (7,6%) және Шығыс Қазақстан (7,0%) облыстарында, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында (тиісінше, 7,1% және 6,8%) байқалды.

2008 жылғы қыркүйекте 2007 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда Республиканың барлық өңірлерінде халыққа көрсетілетін ақылы қызметтер бағалары мен тарифтерінің көтерілуі байқалды. Ең жоғарғы өсім Қостанай (13,4%), Батыс Қазақстан (11,8%), Алматы және Жамбыл (әрқайсысында 10,9%-дан) облыстарында, сондай-ақ Астана мен Алматы қалаларында – тиісінше, 10,4% және 12,1%-ға тіркелді.

Халықтың ақшалай табысы. 2008 жылғы тамызда Қазақстанда халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы (бағалау бойынша) 31221 теңгені құрады. Атырау және Маңғыстау облыстары республиканың аса жоғары табысты өңірлері болып табылады, олардың табысы орташа республикалық деңгейден, тиісінше, 2,0 және 1,8 есеге асып түсті. Астана және Алматы қалаларындағы халықтың орташа жан басына шаққандағы ақшалай табыстарының деңгейі орташа республикалық деңгейден (тиісінше, 2,0 және 1,9 есеге) асып түсті. Халықтың жан басына шаққандағы ең төменгі ақшалай табысы Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Алматы облыстарында байқалды.

Еңбек рыногы. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2008 жылғы тамыздың соңына жұмыссыздар ретінде тіркелген азаматтар саны 58,6 мың адамды құрады. Тіркелген жұмыссыздардың үлесі экономикалық тұрғыдан белсенді халық санына 0,7% құрады. Өңірлер бөлінісінде бұл көрсеткіш 8 облыста асып түскен. Жұмыссыздардың ең жоғары үлесі Шығыс Қазақстан (1,0%), Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан (әрқайсысында 1,0%-дан) облыстарына келеді. Астана мен Алматы қалаларында бұл көрсеткіш, тиісінше, 0,8% пен 0,4% құрады.

12. КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

12.1 ӨНЕРКӘСІП КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ


2008 жылғы қыркүйекте 835 ірі және орта өнеркәсіп кәсіпорындары зерттелді, оның ішінде 105 - кен өндіру өнеркәсібі (сұралғандардың жалпы санының 12%-ы), 566 (68%) - өңдеу өнеркәсібі және 166 (20%) - электр энергиясын, газ бен суды өндіру және бөлу кәсіпорындары.

2008 жылғы қыркүйекте сұралған кәсіпорындардың іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерліктің сенімділік индексі өткен аймен салыстырғанда өзгермеді, (+8)% (маусымдық факторы есебімен) құрады.

Басшылар көпшілігінің бағалауы бойынша жақын арадағы 2-3 айда (2008 жылғы қазан-желтоқсан) зерттелген өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігіне қатысты елеулі өзгерістер күтілмейді. Кәсіпкерліктің сенімділік индексі ағымдағы жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 4 пайыздық тармаққа азайып, (+4)% құрайды.

Өнеркәсіп кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексінің серпіні
(маусымдық факторысыз)

баланс, %



Кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында кәсіпкерліктің сенімділік индексі өткен аймен салыстырғанда 2 пайыздық тармаққа азайып, тиісінше (+9)% және (+6) % құрады.

Зерттелген электр энергиясын, газ бен су өндіру және бөлу кәсіпорындарында кәсіпкерліктің сенімділік индексі ағымдағы жылғы тамызбен салыстырғанда 8 пайыздық тармаққа өсіп, (+21)% құрады, бұл маусымдылық факторына байланысты болған.

12.2 САУДА КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

2008 жылғы қыркүйектің соңында 1375 сауда кәсіпорындарынан сауалдама алынған болатын, оның ішінде 505 – бөлшек сауда (сұралғандардың жалпы санының 37%-ы), 842 – көтерме сауда (61%) және 28 – сауда делдалдық кәсіпорындары (2%).


2008 жылғы қыркүйекте пікірі сұралған кәсіпорындардың басшылары экономикалық жағдайы «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған сауда кәсіпорындарының үлесі өткен аймен салыстырғанда өзгермей, 93% құрады.

Сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерліктің сенімділік индексі ағымдағы жылғы қыркүйекте ағымдағы жылғы тамызбен салыстырғанда 1 пайыздық тармаққа азайып, (+13)% (маусымдық факторы есебімен) құрады.

Басшылар көпшілігінің бағалауы бойынша жақын арадағы 2-3 айда (2008 жылғы қазан-желтоқсан) олардың кәсіпорындарындағы іскерлік белсенділігінің жоғарылауы күтіледі, кәсіпкерліктің сенімділік индексі ағымдағы жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 5 пайыздық тармаққа өсіп, (+18)% құрайды.

Сауда кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексінің серпіні (маусымдық факторысыз)

баланс, %



2008 жылғы қыркүйекте көтерме және бөлшек сауда кәсіпорындарындағы кәсіпкерліктің сенімділік индексі өткен аймен салыстырғанда тиісінше 1 және 2 пайыздық тармаққа азайып, әрбір салада (+12)% құрады.

Сауда делдалдығы саласында аталған индекс (+5)%-ға тең болды, бұл ағымдағы жылғы тамызда алынған көрсеткіштен 2 пайыздық тармаққа жоғары.

12.3 ТҰТЫНУШЫЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ

2008 жылғы қыркүйекте өңірлік статистика басқармаларының қызметкерлері түрлі топтардағы тұтынушыларды (қала мен ауыл халқы, фирмалар мен банктердің, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері, үй шаруасындағы әйелдер мен зейнеткерлер және басқаларын) – 1600 респонденттерді кезекті зерттеуден өткізді. Зерттеудің негізгі мақсаты – ел экономикасындағы және жеке үй шаруашылығындағы өзгерістер туралы тұтынушылардың жеке пікірлерін анықтау. Одан басқа, сауалдама үй шаруашылықтарында ұзақ пайдаланатын тауарларға деген тұтынушылар сұранысының үрдісін қадағалауға мүмкіндік береді.

«Тұтынушылардың сезіну индексі» 2008 жылғы қыркүйекте өткен аймен салыстырғанда өзгерген жоқ, **(+10)%** құрады.

«Экономикалық ахуал индексі» 1 пайыздық тармаққа өсіп, **(+10)%** құрады.

«Сатып алу тілегінің индексі» өткен аймен салыстырғанда 1 пайыздық тармаққа азайып, **(+10)%** құрады (диаграмманы қараңыз).

Ағымдағы жылғы қыркүйекте респонденттердің тек 28%-ы соңғы 12 ай ішінде еліміздегі экономикалық жағдайдың жақсарғанын атап өтті, сол мезгілде тұтынушылардың 20%-ы жағдайдың нашарлағанын хабарлады.

Респонденттердің үштен бірінен азы (29%) алдағы 12 айда елдегі жалпы экономикалық жағдайдың жақсаратынын күтеді, ал 19%-ы жағдайдың нашарлауы мүмкін деп есептейді.


Респонденттердің 30%-ынан астамы ағымдағы жылғы қыркүйекте жеке үй шаруашылығындағы қаржы жағдайының жақсарғанын, тиісінше, өткен аймен салыстырғанда ұзақ пайдаланатын тауарларға сұраныстың өскені туралы хабарлады. Сонымен бірге, сұралғандардың 20%-ы өз үй шаруашылығындағы қаржы-экономикалық жағдайдың нашарлағанын айтады.

Респонденттердің 10%-ның пікірі бойынша еліміздегі жұмыссыздық деңгейіне қатысты ахуал алдымыздағы 12 айдың ішінде жақсарады десе, сол кездегі сұралғандардың 6%-ы оған қарама-қарсы пікірде болып отыр.

Алдымыздағы 12 айдың ішінде үй шаруашылығындағы ақшалай қорланым сомасының өсу мүмкіндігін сұралған тұтынушылардың 14%-ы атап өтсе, ал 19%-ы оның кемітінін айтты.

Тұтынушылар бағасы

баланс, %



1. КРАТКИЕ ИТОГИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ЯНВАРЕ-СЕНТЯБРЕ 2008 ГОДА

